В данной статье рассматривается правовое положение иностранных лиц, их особенности в земельных отношениях, режим использования объектов земельных правоотношений, а также акцентируется внимание на понятие «физические лица».

Ключевые слова: *водная безопасность, водные ресурсы, государственное регулирование.*

L.K. Erkinbaeva, M.A.Rakhmetova

Local use of its features to the land based legislation in the republic of kazakhstan Legal regulation

This article examines the legal status of foreigners, peculiarities of the regulation of land relations with foreigners, considers the objects of land use, and also focuses on the concept of "individuals"

Key words: *water security, water resources, state regulation*

ӘОЖ 343.237

СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ ОРГАНДАРЫНА ЖҮКТЕЛГЕН ДӘЛЕЛДЕУ МІНДЕТІ КІНӘСІЗДІК ПРЕЗУМПЦИЯСЫНЫҢ БІРДЕН-БІР КӨРІНІСІ РЕТІНДЕ

Жангушукова А.З., Гурсынова А.

*I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Талдықорған қ., aliyazhangushukova@mail.ru*

Бұл ғылыми мақалада бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының қылмыстық процесте қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеп-тексерудің негіздері туралы дәлелдеу міндеті қарастырылып айқындалған.

Кілттік сөздер: *дәлелдеу, кінәсіздік презумпциясы, тергеу.*

Дәлелдеу (тұтас алғанда) ақиқатты тану әдісі болып танылады. Қылмыстық іс жүргізу дәлелдеуінде екі түрін көрсетуге болады:

а) дәлелдеу – дәлелдемелерді жинау, зерттеу және бағалау бойынша тиісті органдар мен тұлғалардың қызметі ретінде;

б) дәлелдеу – іс бойынша нақты тұжырымдарды, тезистерді логикалық және процессуалдық дәлелдеу ретінде.

Ақиқаттың шын құбылысы ретінде нақты қылмыс немесе факт қана дәлелденуі мүмкін. Ал қылмыс құрамы бағаланып, процессуалды мағынада дәлелдеуге жатпайды. Әрбір қылмыс бойынша іс жүргізу кезінде дәлелденуге тиісті мән-жайлар бар. Ол мән-жайларды білудің маңызы, олар қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеуді және сотта іс қарауды қай бағытта жүргізілу қажеттілігін білдіреді. Сол мән-жайларды анықтау арқылы ғана қылмыстық іс жүргізу органы ақиқатқа жету мақсатын орындай алады. Сондықтан, ол мән-жайлар қылмыстық іс бойынша дәлелдеу пәнін құрайды, яғни қылмыстық іс бойынша дәлелдеу пәні деп әрбір қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызы бар және сол себептен, анықталуға тиісті мән-жайлардың жиынтығын айтамыз. Бұл мән-жайларды анықтау және дәлелдеу қылмыстық іс жүргізу органдарының қызметіне жатады. Істің мән-жайы мен құқықтық нормалар арасындағы байланысты анықтау дәлелдеу бойынша өрбиді. Алдын ала тергеу барысында қылмыс құрамының бар болуын немесе жоқтығын дәлелдеу қажет. Қандай да бір болған оқиғаның дәлелі өздігінен дәлелдеуге жататынын білдірмейді. Оқиғаның болғандығын және оның қылмысты сипатта

болуын болжауға рұқсат беретін белгілі бір мәліметтер болуы қажет.

Әңгіме екі болжау туралы болып отыр: оқиғаның нақты белгілері мен қылмыстың заңды белгілерінің болуы. Біріншісі – табудың нәтижесінде, ал екіншісі – қылмыстық-құқықтық бағалау.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде қылмыстық іс жүргізудің дәлелдеу міндетінің субъектілеріне мына тұлғалар, анықтау жүргізетін тергеушілер, тергеу бөлімдерінің бастықтары және прокурорлар жатады.

Кінәсіздік презумпциясымен маңызды процессуалды ереже байланысты, оған сәйкес, қылмыстық іс бойынша дәлелдеу пәнінің барлық элементін, кінәсіздігі немесе кінәлілігі туралы мәселені қосқанда, дәлелдеу міндеті айыпталушыға жүктелмейді, бірақ, оның құқығы болып табылады. Қылмыстық істі тергеу мен шешуге жауапты мемлекеттік органдар, іс бойынша келген тұжырымдар мен қорытындыларды негіздеп, дәлелдеуге міндетті.

Кінәсіздік презумпциясының дәлелдеу ережемен байланысы анық көрінеді, егер бұл ереже негативті (ешқандай негізсіз) тұжырымдалғанда: қылмыстық іс бойынша дәлелдеу міндеті айыпталушыға жүктелмейді. ҚР Конституциясының 77-бабының 3-бөлімінің 6)-тармағында айқындалған: «Айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес» [1, 30].

Қазақстан Республикасы Конституциясының 77-бабының 3-бөлімінің 6)-тармағына сәйкес, айыпталушы өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес: қылмыстық-процессуалдық заң дәлелдемелерді жинау, зерттеу міндетін, сот, прокурор, тергеуші және анықтама жүргізетін тұлғаға белгілейді (ҚПК-нің 122, 125 б.б.) және айыпталушыға дәлелдеу міндетін жүктеуге рұқсат етпейді (ҚПК 24 б.), ал ССРО Жоғарғы Сотының Пленумы нақты көрсетеді: «Айыптаудың негізін дәлелдеу міндеті айыптаушыда болады, ал айыпталушыға (сотталушыға) өзінің кінәсіздігін дәлелдеуін жүктеуге рұқсат етілмейді».

Бұл ережелердің жиынтығы қылмыстық іс бойынша дәлелдеуді жүзеге асыратын сот, прокурор, тергеуші және анықтама жүргізетін тұлғаның міндетін, және дәлелдеуге қатысу құқығын (міндеті емес) құрады.

Кінәсіздік презумпциясы принципі бірінші алғышарт ретінде, айыпты тағатын және оны дәлелдеп, қолдайтын айыптаушының бар екенін болжайды.

Айыпталушы өзінің жауабындағы болжауларды айтып, дәлелдейді, ол сөзсіз дәлелдеуге қатысады. Бірақ, бұл міндет емес, өзінің қорғануына қолданатын, айыпталушыға тиесілі құқық. Берілген құқыққа тергеудің міндеті, прокурор мен анықтама жүргізетін тұлғамен айыпталушыға тағылған айыптан қорғану мүмкіндігін қамтамасыз етуі сәйкес келеді.

Латын формуласы *neto se ipsum prodere tenetur* – (ешкім де өзін-өзі әшкерелеуге (ұстап беруге) міндетті емес) ҚР Конституциясының, сондай-ақ, қылмыстық заң нормаларында өзінің бекітілуін тапқан. Кез-келген тұлға, сонымен қатар, айыпталушы өзіне-өзі қарсы айғақ беру міндетінен босатылады. Бұл ереже дәлелдеу міндетін айыпталушыға жүктеуді рұқсат етпеу құқықтық институттың негізінде болады.

Өкінішке орай, қылмыстық сот өндірісінің тәжірибесінде азаматтардың құқықтарын шектеу фактісі әлі де жалғасуда.

«Заңдағы анықтама айыпталушының жауабын міндеті емес, құқықтың пәні ретінде, біріншіден, айыпталушы өз білгенінше кез-келген түсінік беруге, сондай-ақ түсініктер немесе жекелеген сұрақтарға жауап беруден толық бас тартуға ерікті; екіншіден, ешкімнің де айыпталушыны жауап беруге мәжбүрлеуге құқығы жоқ; үшіншіден, түсінік беруден бас тарту, қарама-қайшы, күдікті немесе анық жалған түсінік беру айыптау үкімі үшін негіз бола алмайды».

Тергеушінің, прокурор мен анықтама жүргізетін тұлғаның міндеттері айыпталушының түсінік беруіне байланысты, тек жауап алумен ғана шектелмейді. Бұл түсініктемелер (айғақтар) мұқият тексеріліп, зерттелуі керек. Айыпталушының қылмыс жасағандығы өзінің кінәсін мойындауы оның кінәлілігі бар дәлелдемелердің жиынтығымен расталған кезде ғана айыптау негізіне жатқызылуы мүмкін (ҚПК 111 б. 3 б.) [2].

Айыпталушы тек дәлелдемелерді жинауда ғана емес, сонымен қатар, процессуалдық бекітуде, зерттеуде және оларды бағалауда тергеуге көмектесуден бас тарта алады. Мысалы, айыпталушы өзі қатысқан тергеу әрекетінің хаттамасының дұрыстығын өзінің қолымен куәландырудан бас тарта алады, әрі айыпталушы хаттамаға қол қоюдан бас тартуын дәлелдеуге құқылы, міндетті емес. Тергеуші процессуалдық құжатқа айыпталушының қол қоюдан бас тарту фактісін, тергеу әрекетінің хаттамасында бекітіп, оның себебін (егер, ол бар болса) көрсетеді. Бірақ, сонымен қатар, айыпталушының қолымен куәландырылған оның айғақтары, сот дәлелдемелерінің мәні бола алар ма екен.

Айыпталушы дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға міндетті емес: жауап алынатын куәға, жәбірленушіге, экспертке, басқа да айыпталушыға сұрақ қою керек пе; олардың заттай дәлелдемелерді қарау мен басқа да тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысу қажеттілігі айыпталушыға байланысты.

Айыпталушы өзінің қарауындағы дәлелдемелерді тергеуші, прокурор және анықтама жүргізетін тұлғаға ұсынуға міндетті емес, егер тек көрсетілген органдар алу және тінту арқылы дәлелдемелерді мәжбүрлі түрде алып қою құқығын қолданбаса. Бірақ, айыпталушы қандай да бір заттарды немесе құжаттарды алып қою қажеттілігіне байланысты уәкілетті тұлғалардың заңды талаптарына бағынуға міндетті.

Заң тергеушіге, айыпталушының қатыстылығы бар деп болжайтын, тергеу әрекетін жүргізетін жерге мәжбүрлі түрде жеткізу арқылы оның дәлелдеуге қатысуын қамтамасыз ету мүмкіндігін ұсынады. Әйтсе де, айыпталушының айдап әкелу мүмкіндігін, істің мәні бойынша айыпталушының айғақ беруге мәжбүрлеу шарасы ретінде қарастырмаймыз. Тергеу өндірісі жүргізілетін жерге айдап әкелінетін айыпталушы, өзінің айғақтарымен немесе эксперимент әрекеттерімен дәлелдеуге қатысуға міндетті емес.

Айыпталушының тергеуге кедергі жасауға құқығы жоқ. Ендеше, тергеушіге «өзін әмірге (қарауға) беру» міндеті айыпталушыға жүктеледі, мысалы, мынадай жағдайда, дәлелдеу мақсатына қажетті куәландыру немесе оның дене бітімін, денсаулық жағдайын, психикасын сараптама жүргізу арқылы зерттеу, сондай-ақ, салыстырмалы зерттеу үшін үлгі алу, жеке тінту және басқа да процессуалдық әрекеттер (осы жағдайда айыпталушының қатысуы, оны айдап әкелумен қамтамасыз етіледі).

Дегенмен, жоғарыда көрсетілген жағдайларда айыпталушыға дәлелдеу міндеті жүктелмейді. Барлық жағдайларда дәлелдеу міндетінің субъектісі болып тергеуші шығады, ал айыпталушы оған кедергі болмауы керек. Айыпталушы дәлелдеу міндетінің субъектісі ретінде емес, тергеушімен бірге нақты құқықтық қатынастың міндетті субъектісі ретінде шығады. Берілген құқықтық қатынастың жүзеге асуы, тергеушімен өзіне жүктелген дәлелдеу міндетін жүзеге асыруы мен қылмыстық іс бойынша ақиқатты анықтауда қажетті шарт болып қызмет атқарады [3, 85].

Айыпталушының мінез-құлқының енжар болуымен де, іс бойынша ақиқатты анықтау мүмкіндігі болатындай қазақстандық қылмыстық процесс құрылған. «Кінәсіздік презумпциясы тергеу, прокуратура және сот органдарының қызметінің жақсаруына мүмкіндік тудырады, өйткені, тұлғаны айыпталушы ретінде тарту және

айыптау қорытындысымен бірге істі сотқа беру негізі, оның нәтижелілігіне байланысты».

Айыпталушының дәлелдеуге қатысу құқығы бар, бірақ оны қолданбауына да болады. Бірақ, тергеуші айыпталушының дәлелдеуге қатысудан бас тартуын, жасалған қылмысқа қатыстылығы бар деп жанама түрде көрсететін мән-жай ретінде қабылдамауы тиіс.

«Айыпталушыға дәлелдеу міндетін көшіруіне логика-психологиялық негіз беруге болады, мысалы, былайша ойланып, айыпталушы ақталуына мүдделі; кінәсізге оның іске қатыстылығы жоқ екендігін растайтын мән-жайлар мәлім және ол бұл мән-жайларды көрсете алады; егер айыпталушы мұндай мән-жайларды көрсетпесе, демек, олардың жоқ болғаны, олай болса, ол кінәлі. Бірақ, мұндай пайымдаулар (ойлар) ағаттық болады. Олар қылмыстық іс бойынша тап болатын өмірлік жағдайлардың әр алуандығын бейнелемейді» [4, 615]. Айыпталушы өзінің қорғалуына дәлелдердің мәнінің болуын жиі аңғара бермейді. Айыпталушы өзін ақтайтын нақты дәлелдемелерді қолданбауы мүмкін, мысалы, оны өз-өзіне жала жабуын зорлықпен мәжбүр ету, анық қылмыскермен келісімге келу, т.с.с.

Кінәсіздік презумпциясы принципінің регламентациясы айыпты дәлелдеу тұрғысынан екі әдісті анықтайды: мәнді және формальды-құқықтық. Бірінші әдіс – бұл айыпты мәні бойынша дәлелдеу талабы, қылмыстық сот өндірісін жүргізетін тұлғаға қатысты, және егер, бұл талап орындалмаса, онда айыпталушыны кінәсіз деп тану туралы алдын ала ескерту болып табылады. Бұл әдіс тұтастай дәлелдеу құқығының шеңберіне жатқызылады.

Екінші әдіс мыналардан тұрады: әр айыпталушы, оның қылмыс жасағандығы үшін кінәлілігі заңмен көзделген тәртіппен дәлелденгенге дейін және соттың заңды күшіне енген үкімімен белгіленгенге дейін кінәсіз деп саналады.

Егер істе айыптайтын дәлелдемелер жеткіліксіз болса, онда тергеуші, прокурор және сот айыпталушының кінәлілігіне субъективті сеніміне қарамастан, оны толық ақтауға міндетті. Бұл тұлғалар мен органдардың процессуалдық әрекеттер жүргізу барысында айыпталушыға кінәлі ретінде қарауға құқықтары жоқ, оны азаматтардың барлығына тиесілі субъективтік құқықтарынан (тұрғын үйге құқығы, еңбек құқығы, ар-намысы мен қадір-қасиеті және т.б.) айыруға, немесе тиісті әкімшілік органдардың алдына айыпталушыны, көрсетілген құқықтардан айыру туралы мәселені қоюға (процессуалдық мәжбүрлеу шараларын қолданғанда – қызметтен шеттету, айыпталушының мүлкін тәркілеу және т.с.с. жағдайларды қоспағанда).

Әрине, тергеуші, прокурор және анықтама жүргізетін тұлға кінәсіздік презумпциясын логикалық дәлелдеу тәсілі ретінде – «қарсы жорып» дәлелдеу, яғни тұжырымдардың аса дәлелділігін, толықтығын және объективтілігін қамтамасыз етеді. Дегенмен, мұндай дәлелдеу тәсілін қолдану мүмкіндігінің өзі құқықтық қағиданың объективтілігінен шығады, яғни оған сәйкес, айыпталушы соттың заңды күшіне енген үкімімен кінәлілігі анықталмағанға дейін кінәсіз деп саналады. Сондықтан, кінәсіздік презумпциясы объективтік құқықтық қағида ретінде істің мән-жайын зерттеу тәсілін көрсетумен шектелмейді, одан басқа ол, процессуалдық жағдайды (үкімнің заңды күшіне енуі), яғни айыпталушының кінәлілігі мен іс бойынша ақиқат толығымен айқындалған деп санауын анықтайды. Дәл осы соңғы мағынада, кінәсіздік презумпциясы өзін құқықтық презумпция ретінде көрсетеді.

Кінәсіздік презумпциясы алдын ала тергеуде жасалған қылмыста айыпталушының кінәлілігінің анықталуымен, бірақ, заңда көрсетілген мән-жайларға байланысты жауапкершіліктен және жазадан босатумен қылмыстық істі қысқартуға болады ма?

Заң мынадай жағдайларды жібереді, егер алдын ала тергеуде жасалынған

кінәлілік туралы қорытынды, сот тексеруін талап етпесе. Бұл жағдай ақталмайтын негіздер бойынша алдын ала тергеуде қылмыстық істі қысқарту болып табылады (ескіру мерзімінің өтуі қылмыстық жауапкершілікке тартуы, рақымшылдық жасау (амнистия), жәбірленушімен татуласуы, шын өкінуі және т.с.с.). Расымен де, тұлғаның кінәлілігі туралы соңғы қорытынды алдын ала тергеу сатысында қалыптасады.

Мұндай жағдай конституциялық принцип ретінде кінәсіздік презумпциясына қайшы келмейді, өйткені, ол мемлекет пен қоғамның мүддесіне қатысты адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басымдық мәні мен құқық шығармашылық саласында мемлекеттің саяси демократиялық көрінісі болып табылады. Кері байланыс бар: мемлекеттің құқықтық жүйесінде демократиялық қайта құрулар конституциялық принциптердің нақтылы түрде көрсетілуі туралы куәландырады [5, 125].

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабы: «Адам, оның құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазынасы болып табылады. Адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын мойындау, сақтау және қорғау – мемлекеттің міндеті» деп жария етеді. Неліктен адамдарды, орташа дәрежеде қылмыс жасаған айыпталушыны, тағдырының қандай болуы мүмкін екендігі бойынша, тым ұзақ уақыт бойы түсінбеушілікте ұстайды? Ондай болса, адамгершілік принципі қайда?

Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру қылмыстық жазаның негізгі мақсаты болады. Айыпталушы (заң бойынша) қоғамға қауіпті болмаса, ал жәбірленушіге қылмыскермен келтірілген зиян өтелсе, қылмыстық жазаны тағайындамай-ақ, әлеуметтік әділеттілік қалпына келтірілмей ме.

Сотқа дейінгі тергеу сатысында ақтайтын негіз бойынша қылмыстық істі қысқарту институты соттарды недәуір жеңілдетуге рұқсат етіп, соттарға ауыр және аса ауыр қылмыстарды қарауда көбірек зейін бөлу мүмкіндігін береді.

ҚПК-нің 33, 34 б.б. мәні бойынша өндірісті жүргізген тұлға сотқа дейінгі іс жүргізудің кез-келген сатысында қылмыстық істі қысқартуға құқылы. Жәбірленушінің арызы кез-келген уақытта түсуі мүмкін. Егер тергеуші немесе анықтама жүргізетін тұлға заңда көрсетілген негіздер бойынша қылмыстық істі қысқарту қажет емес деп санаса, онда оны прокурор қысқартуға құқылы; ал, егер прокурор болмаса, онда сот; егер бірінші сатыдағы сот болмаса, онда істі қадағалау тәртібінде қарайтын сот құқылы. Тіпті, егер ауыр емес қылмысты бірінші рет жасаған адам сотпен тағайындалған жазаны өтеп жатса, онда, біздің көзқарасымыз бойынша, қадағалау сатысы қылмыстық істің материалдарында жәбірленушінің айыпталушыны (сезіктіні, сотталушыны) босату туралы өтініші бойынша арызын көріп білсе, бірінші және екінші сатыдағы соттың үкімін жоюға және тұлғаны кейінгі жазаны өтеуден босатуға құқылы. Бірақ, осылайша жәбірленушімен татуласуы ақтайтын негіз болып танылмайтындықтан, онда жазаның өтелген бөлігі мемлекетпен өтелмейді.

Егер жәбірленуші, кінәлі адам кешірім сұрап және келтірілген зиянның есебін толтырған кезде, әділдік орнатылады деп санаған жағдайда, қылмыстық іс өндіріспен қысқартылуы мүмкін. Жәбірленушіге келтірілген зиянды түзеу, моральдық, физикалық немесе мүліктік зиянды кез-келген тәсілмен (ақшалай өтем, расында мүліктік зиянды өтеу, зиянды өтеудің жеткілікті кепілдерді беру) өтеуді білдіреді. Алдын ала тергеуде айыпталушыны қылмыстық жауапкершіліктен және жазадан босату заңының негізінде, мүмкіндікке жол беру және тәжірибеде іске асуы, айыпталушының, сондай-ақ, жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жәбірленушімен татуласуы және оған келтірілген зиянды өтеу – бұл біркелкі (разовое) әрекет. Бірақ қылмыс жасаған адам, әдетте, қылмыстық жауаптылықтан

қашу үшін мүдделі және істегеніне үнемі өкінбейді. Сондықтан, тергеуші, прокурор, анықтама жүргізетін тұлға айыпталушының жәбірленушімен татуласып және зиянды өтеу ынтасының (пейілі) шын екендігіне сенімді болуы тиіс. Егер айыпталушыда істегеніне қатысты мұндай қатынас байқалмаса, ал қылмыстық іс ҚПК-нің 9-бабы бойынша қысқартылса, онда бірінші рет қылмыс жасаған тұлғалардың түзелу мүмкіндігі жіберілген болады.

Біздің пікірімізше, заңмен анықталынған жағдайда, ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық істі қысқартуды қолдауға болады. Мұндай реттеу жәбірленушінің мүддесіне қатысты заң шығарушының дәлелді қатынасы туралы куәландырады және әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру мақсатына сәйкес келеді.

Ауыр емес қылмысты бірінші рет жасаған адамдар үшін, оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту фактісінің өзі, қылмыстық жазаға тартылу мүмкіндігін ұғынудың өзі, адамды түзеп, жақсартатын мықты фактор болып танылады. Егер солай болса, онда қылмыстық жаза мақсатына жетеді, істелінген әрекетке тиісті жазаның мөлшерін ұлғайту, адамның одан әрі жақсаруын білдірмейді [6, 478]. Керісінше, әділетсіз бағаға байланысты өшіктіру мүмкіндігі болады. Егер қылмыстық жауапкершіліктен босату туралы сөз болса, онда сот талқылауы міндетті деп есептеуі екі талай. Егер де, адам жасағандығы туралы уайымдамаса және жағдайды түзетуге талпынбаса, онда, мұндай жағдайда қылмыстық заңның барлық қатаңдығы бойынша ол жазаға тартылуы тиіс.

Кінәсіздік презумпциясы тергеуші, прокурор және соттың ара-қатынасына ықпал етеді. Тергеушінің тұжырымдары прокурормен және сотпен тексеріліп, сондай-ақ қанағаттанғысыздық деп танылуы мүмкін. Тергеуші, прокурор және судья қылмыстық іс бойынша қабылдаған шешімдеріне жауапты (өздерінің өндірісіндегі, сонымен қатар, бақылау мен қадағалау шеңберіндегі істер бойынша), кінәсіздік презумпциясы принципімен қайшы келетін.

Тергеуші дәлелдеу міндетін қанағаттанарлықтай орындалғандығын прокурор анықтайды. Ол істі зерттеп біледі. Тергеудің тиісті түрде жүргізілгендігі мен істің құжаттарымен айыпталушының кінәсі расталғанына көз жеткізген соң, прокурор айыптау қорытындысын бекітеді. Егер де тергеуші дәлелдеу міндетін орындай алмаса (күдікті материалдардың жеткіліксіздігінен, дәлелдемелерді бағалауда логикалық немесе заңды қателік жіберіп, өзінің тұжырымын құрса), прокурор процессуалды санкцияларды қолданады. Ол айыптау қорытындысын бекітуден бас тартады, тергеушінің тұжырымын жарамсыз деп танып, жіберілген қателіктерді жою үшін және кемшіліктерді толықтыру үшін оған істі қайтарады немесе іс бойынша өндірісті қысқартады (ҚПК 319, 320, 321 б.б.).

Егер прокурор тергеушінің тұжырымдары жеткіліксіз дәлелденген айыптау қорытындысын бекітіп, қылмыстық істің құжаттарымен бірге айыптау қорытындысын сотқа жіберсе, онда сот ақтау үкімін қаулы етеді немесе істі қосымша тергеуге жіберіп, осылайша, айыпты болмашы немесе сапасы толық емес деп мәлімдейді.

Осылайша, алдын ала тергеу сатысында дәлелдеу міндетінің субъектісі болып тергеуші, прокурор, анықтама жүргізетін тұлға танылады. Заң айыпталушыға (сезіктіге) және оның қорғаушысына дәлелдеуге қатысу бойынша құқығын ғана береді. Олар тек дәлелдеу субъектісі ғана болып, ал дәлелдеу міндетінің субъектісі болмайды.

Сотқа дейінгі тергеу барысында ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық істі қысқарту кінәсіздік презумпциясы принципіне қарсы болмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚР конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда

қабылданған), (10.03.2017 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

2. ҚР Қылмыстық процесілік кодексі 4 шілде 2014 жылғы

3. А.Ф.Абуов. Криминалистика. Оқу құралы.-Алматы: Жеті жарғы, 2004ж.

4. Яблоков Н.П. Криминалистика: Учебник / 2-изд. М.: Юрист, 2001.-615-624 бет.

5. Криминалистика. учебник, под редакцией Белкина Р.С. М.; Издательство НОРМА 2004ж. стр

6. 100 лет Криминалистики: Пути развития криминалистики / пер. с нем. М.Б.Колдаевой. Под редакцией А.С. Алексеева-Алматы; Жеті Жарғы 1995ж.

Жангушукова А.З., Турсынова А.А.

Правовые вопросы досудебного расследования и доказывания в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан.

В данной научной статье рассмотрены и изучены правовые вопросы досудебного расследования и доказывания в уголовном судопроизводстве Республики Казахстан.

Ключевые слова: доказывание, презумпция невиновности, расследование.

A.Z. Zhangushukova, A.Tursynova

Legal issues of pre-trial investigation and evidence in criminal proceedings of the Republic of Kazakhstan.

In this scientific article examined and studied the legal issues of pre-trial investigation and evidence in criminal proceedings of the Republic of Kazakhstan.

Key words: proving, presumption of innocence, investigation.

ӘОЖ 343.1.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Нұрбек Д.Т., Мырзагулов М.

*І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
rufat.dana@mail.ru*

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының діни экстремизмнің криминалогиялық сипаттамалары мен әлеуметтік-құқықтық негіздерінің заңды негіздері зерттелді.

Кілттік сөздер: . әлеуметтік патология, діни экстремизм, әлеуметтік-құқықтық, дінді саясаттандыру, терроризм.

Қазіргі кезде әлеуметтік патология құбылысы ретінде діни экстремизм әлеуметтік ғылымдарының әр түрлі салаларының назарын өзіне аудартуда. Оны саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, әлеуметтік және мінез-құлық психологтары, теологтар, криминалогтар, философтар, зангерлер және басқа мамандық иелері зерттеуге талпынуда. Бұл зерттеушілер өз пәндерінің аспектілері бойынша зерделеу, зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатса да, әлі де барлығының бірлескен ұжымдық кешенді зерттеу еңбектері жеткіліксіз. Себебі, діни экстремизм өте күрделі әлеуметтік-құқықтық, саяси және этно-психологиялық мәселе бола отырып, көп аспектілі болып табылады, яғни артықшылық, діни алауыздық, жеккөрушілік, дінді

саясаттандыру және тағы басқа сияқты ең шеткі қисынсыз көзқарастары мен әрекеттері арқылы пайда болатын қоғамға қауіпті құбылыс болып табылады.

Ең алдымен терроризм, сепаратизм, экстремизм, радикализм, фундаментализм деп қолданылатын, қоғамға аса қауіпті құбылыстардың анықтамаларын, өздеріне тән құқықтық табиғаттарының мәнін, пайда болу себептері мен жағдайларын талдаудан бастау қажет.

Ғылыми әдебиеттерде терроризмнің әлемде таралуы трансұлттық жағдайдағы құбылыс екендігі айтылған. Терроризмнің ұшқындауы мемлекеттік аппараттың әлсіздігіне, ішкі және сыртқы саясаттың аумағындағы үлкен есептерге, тарихи, этнопсихологиялық заңдылықтардың туындауына байланысты болады. Әр түрлі қоғамдық топтардың, бұқаралық ақпарат құралдардың бұл құбылысқа қатынастарының жүйесі, терроризмнің дамуына немесе оны қорғаштаудың жанама факторы болып табылады. Көбіне террористік әрекеттерге жағдайдан шығудың лажсыздық сезімі түрткі болады. Яғни қайсыбір азшылықтың өзінің жағдайын психологиялық тұрғыдан кемсітілген болып саналуына, әрі солай бағалауға итермелейді. Көптеген жағдайда мотивациясы (сылтауы) ұқсас: біздің халық, біздің мәдениет, біздің тіл, біздің сеніміз жоғалудың шегінде тұр, бізге бәрі жаман қарайды, әрі санаспайды деген сөздер. Жеке террорист тұлғаның мінез-құлқына тән, оған түрлі террористік әрекетке итермелеуші бірқатар факторлар бар. Біріншіден, оларға әлемнің идеалдық моделдік кейіптің арасындағы нақты жағдайда сәйкессіздігі және өз-өзін туындату мүмкіндіктері. Бұл идеалмен қарама қарсылығы жеке субъективтік сезімге және әлеуметтік адекватсыздыққа ұласады да; нәтижесінде террорист жеке тұлғаның санасында мына ой қалыптасады « Мен жақсымын, әлем жаман », бұл оның өзінің заңсыз әрекеттерін бүркемелеудің, әрі өз-өзін моралдық қорғаштаудың, ақталудың құралы ретінде пайдалануына түрткі болады. Осындай жағдайлардан кейін, құрылымсыз, жүйесіз, негізсіз дүниетаным мен дүниені сезіну туындайды. Бұның детерминациясында түрлі этностардың сәйкессіздігі, этнопсихологиялық қарама қайшылығы жатыр. Құрылымсыз культтардың ядросы болып, өзінің сенімі үшін өлімге бас тігуге дайын тұратын фанаттардың іс-әрекеттері болады [1].

«Терроризм» термині ең алғаш 1798 жылдан бері қолданылып келеді. Терроризмнің алғашқы толқыны француз революциясынан басталды. Екінші толқыны XIX ғасырдың соңғы үшінші бөлігінде болды. Ирландия, Македония, Сербия және бірқатар мемлекеттерде ұлттық-радикалистік терроризм (мақсаты – ұлттық мемлекетті құру); Франция, Италия, Испания мемлекеттеріндегі революциялық-демократиялық терроризм (мақсаты – мемлекетті бұзу); Ресейдегі «Халықтық ерік» мен «Социалист-революционерлер» партияларының революциялық-демократиялық терроризмі (мақсаты – революцияға серпіліс беру); 1910, 1914 - 1934 жылдары аралағында, дүниежүзілік соғыс, 1945 – 1975 жылдардағы оқиғалар. 1960 – 1970 жылдары жаңа саяси терроризмнің толқыны пайда болды. Бұл Италия, Германия, Жапония мемлекеттеріндегі соғыстан кейінгі «экономикалық ғажайып» жағдайында әлеуметтік құрылымдар мен институттар экономикалық өзгерістерімен дамып үлгерместен болып жатты. Яғни «Қызыл бригада», « Қызыл Армия фракциясы», «Жапон Қызыл Армия» және көптеген экстремистік-солшыл ұйымдар (экстремистік-оңшыл ұйымдар аз) жоғары да аталған мемлекеттердің саяси жағдайын шындығында қиындатты. Бұл ұйымдардың терроры француз революциясы моделі негізінде қалыптастып, саяси-идеологиялық күрес құралы ретінде пайдаланылды [2].

Мемлекеттің реттеуге күші жетпейтін кейбір аумақтарға француз журналисі Ж.-К. Рюфэн «сұр аумақтар» деп атауға ұсыныс жасады. Бұл термин негізінде аэронавтикада, яғни радардың бақылауын белгілі бір жердің атауын анықтау үшін

қолданылады. Осындай аумақтар Африка, Оңтүстік Америка, Азия, тіпті экономикасы дамыған (Ақш, Италия, Испания, Франция және т.б.) мемлекеттерде де бар. Наркобизнес, қару-жарақ саудасы, терроризм – осы «сұр аумақтың» үшжақты тірегі. «Сұр аумақтар» қылмыстық ұйымдардың бақылауында (мысалы, Колумбиядағы Медельин аумағы, Боливия мен Перудің кейбір аудандары, «алтын үшбұрыш» деп аталатын Оңтүстік-Шығыс Азияда Тайланда, Бирма, Лаостың шекаралары түйіскен жер) жерлер немесе « жекешеліндірілген » мемлекеттік үкіметтері бар тайпа мен кландардың аумақтары (Африка аумағы, ОАР –ның солтүстік шекарасынан экваторға дейінгі аумақ, Ауғанстан).

Әлемде бұл эксплуатация «сұр зонаның» адекваттық формасын құрғызды. Сонымен қатар осы жағдайда әлсіз мемлекетпен қарсыласып, өздерін үкіметтің баламалы ұйымдық формасы ретінде, тонаушы, жыртқыш пен паразиттің негізінде екендігін көрсетеді.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен террористер арасында мынандай бір түрлі қатынас бар; террористер өздерінің қан төгу немесе басқа да алаңдататын жағдайларын ақпарат базарына толтырып жатса, ал бұл оларға тегін жарнаманың көзі, әрі террордың тірегіне қызмет еттіреді.

Өте ауыр әлеуметтік құбылыс болып табылатын терроризмді психологиялық тұрғыдан зерттегенде, бұл құбылыстың туындауы мен дамуына тікелей және жанама әсер ететін факторларды жан жақты жүйелі әдіспен зерделеу қажет.

Терроризм тарихи, этнопсихологиялық және басқа да түбірі бар, көптеген факторлардың әрекеттесуімен туындайды, әрі дамиды. Терроризмнің туындауы мен дамуына, құқықтық мәдениеттің төмендігі, саяси және әлеуметтік есептеулердің қателігі, мемлекеттік аппараттың әлсіздігі, шенеуніктердің жемқорлығы және арнаулы қызметтің төменгі кәсібилігі әсер етеді.

Сепаратизм (французша. Separatisme – бөлектеу) негізінде бөлінуге, бөлектеуге итермелейтін заңсыз әрекеттер. Сепаратизмнің ұйымдық жағынан ұлттық экстремизмге қатысы бар. Саяси және әлеуметтік аясында сепаратизмнің әрекеттері көпұлтты мемлекеттерді бөлшектеуге, бір ұлттың үстемдігін көрсетуге бағытталады. Сонымен қатар бұл құбылыс бірнеше ұлттардың өз мүмкіншіліктері мен үстемдіктерін орнатуға бағытталған әрекеттерін бейнелейді. Бұндай іс-әрекеттер ұлтаралық қатынастарды қиындатуға, әрі халықтар арасындағы текетірес пен араздастыруға итермелейді. Сепаратизмнің бір түрі ретінде этно-діни экстремизм термині де қолданылады.

Экстремизм (латынша. extremus – ең шеткі) – бұл белгілі немесе қайсыбір мәселелерді шешуге бағытталған ең шеткі көзқарастарды жақтаушылық және радикалды шаралар.

Азия мен Европа, Солтүстік пен Оңтүстік Америка және Африкадағы мемлекеттердегі саяси басшылықтың алдындағы ең қиын мәселелердің бірі экстремизм болып табылады.

Экстремизм – ғасырлар бойы адамзатпен жалғасып келе жатқан, өте күрделі әлеуметтік-саяси құбылыс. Экстремизм мемлекеттің, қоғамның, жеке бастың өмірлік маңызы бар, кез келген мемлекетке аса қауіп төндіретін құбылыстардың қатарына енді. Қазіргі таңда оның әрекеттерінің мынандай жүйелі сипаттамасы көрінуде, террорлық актілер сияқты, өкіметті күштеп басып алуға шақыру, мемлекеттік және қоғамдық қайраткерлерге, саяси көшбасшылар мен белсенділерге қауіп төндіру, кепілдікке алу, әкімшілік және мекемелердің ғимараттарын басып алу, шетел өкілдіктеріне қарсы пикет және жарылыс, жаппай тәртіпсіздік және басқалай күштеу актілерін ұйымдастыру [3].

Криминология, қазіргі саясаттану және саяси әлеуметтану ғылымдардың зерттеуінде экстремизм көп жоспарлы мәселе болып табылады. Соңғы жылдары

оның мәні мен мазмұнына, басқа құбылыстарға қатысы жөнінде ғылыми дебаттар белсенді жүруде.

Экстремизмді көбіне әр түрлі құбылыс ретінде: яғни әр түрлі класстық және азаттық күрес формалары кейпінде, қылмыс құрамының элементтері бар, әрі қылмысқа жетелейтін саяси күштеушілік арқылы болатындығынан түсіндіріледі. Бір жағынан экстремизмді саясаттағы қарсы жақпен еш ымыраласпайтын және субъектінің агрессиялық қалпын бейнелейтін спецификалық сызық ретінде түсіндіріледі; әр түрлі бағыттағы идеологиялық ағымдардың болуы, ең шеткі солшыл немесе оңшыл позицияда болуы; саяси күрестің әдісі ретінде, оппоненті немесе қарсыласымен бірлесіп қызмет етуден, әрі келісімге келуден бас тартушы; әр түрлі деңгейде дамушы, әлеуметтік келеңсіз қарсылық көрсетуші: қоғам, класс, бөлек қоғамдық қабаттар, ұлттық, әлеуметтік, діни және кәсіби топтар - әр түрлі аумақтарда және әр түрлі идеологиялық-саяси негізде.

Экстремизм мәселесімен айналысқан көптеген зерттеушілер «экстремизм» ұғымын тар және кең мағынада қарауды ұсынады.

Экстремизмнің тар түсіндірмесінде саяси қозғалыс пен партиялардың заңсыз қызметі, сонымен қатар мемлекеттік құрылымды күштеп өзгертуге, ұлттық мен әлеуметтік жанжалды қоздыруға бағытталған лауазымды адамдар мен жеке тұлғалардың әрекеттері тұрғысынан айтылады. Экстремизмнің осындай түсінігіне мыналар тән болып табылады: бейресми саяси қызмет, заңсыз зорлаушылықтың болуы, ұлтшылықтың, расизмнің немесе әлеуметтік-класстық антагонизмнің ең шеткі формалары; идеологиясының әшейіндігі мен жалпышешейлігі, қоғам өміріндегі қиындау мәселелерді шешудің төте жолы мен тәсілін жай ғана ұсыну және оны нақты өмірде іске асыруда сәтті болатындығына көпшілікті сендіру.

Ал енді «экстремизм» ұғымының кең түрдегі түсінігі оның өз этимологиясынан шығарылады. Экстремизм – бұл ең шеткі шараларды, әрекеттерді, көзқарастарды, шешімдерді жақтаушылық. Саяси субъектілердің белсенділігі, яғни белгілі саяси белсенді тұлғалардың, қоғамдық топтардың, билік элитасының және контрэлитаның өздерінің саяси идеалын кіргізуге және түрлі мүмкін жолдармен алға қойған мақсаттарын іске асыруға, күштеушіліктің түрлі тәсілдерін қолдануға, мемлекеттік билікке, жалпы көпшілікке немесе қайсыбір элементтеріне, халықаралық ұйымдарға қарсы бағытталған әрекеттері.

Криминологиялық талдау жоспарында экстремизмді негізгі екі типке бөледі:

- 1) рационалдық;
- 2) иррационалдық.

Экстремизмнің рационалдық түрлеріне мыналар жатады:

- саяси;
- идеологиялық;
- ұлттық;
- діни;
- экологиялық.

Саяси экстремизмнің басты белгісі – билікке жету мақсатын жүзеге асыруға, экстремистік әрекеттің саяси бағытталғандығы. Саяси экстремизмнің идеологиялық экстремизммен тығыз қатынаста болады, тіпті кейбір жағдайларда бұл екі тип бір-бірімен бірігіп кетеді [4].

Ұлтаралық қатынастарда ұлттық экстремизм ұлттар мен халықтардың арасындағы жеккөрушілік пен жауыздықты қоздырудан байқалады. Яғни аумақтық шайқастарда, қарулы қақтығыстарда, жергілікті емес ұлттарға геноцидтік актілерді қолдануда, «өз халқының» құқықтары мен мүдделері, мәдениеті мен тілін қорғау бағыты тұрғысынан әрекет етуде көрінеді.

Діни экстремизм бір немесе бірнеше конфессия арасында жеккөрушілік, шыдамсыздық, араздық сияқты әрекеттерден туындайды. Көбінше саяси мақсаттарға пайдаланады. Бір жағынан зайырлы мемлекетке қарсы немесе билік ететін орындарға өз конфессия өкілдерін бекіту үшін әрекет етеді.

Діни экстремизм кейбір ұйымдарда аяусыз культтік акцияларда (ұжымдық жаппай өз-өздерін өлтіру) көрінуі мүмкін. Діни экстремизм бағыттарының бірі тоталитарлық секталар болып табылады, яғни жекелеген жағдайларда құлдықтан немесе ұйымдасқан қылмыстан еш айырмашылығы жоқ, діни фразеологияны пайдаланумен бүркемеленген (мысалы, жапондық аум Сенрике сектасы, Ресейде жаппай жою қаруымен қыруға бағытталған акцияларды ұйымдастыруға оқталды, бұған дейін жапон астанасында осындай акцияларды жасады).

Экологиялық экстремизм тіпті дамыған мемлекеттерде күш ала бастады. Экологиялық экстремизмнің түбірі мемлекет пен қоғам арасында экологиялық мәселелерге байланысты шыға бастады. Табиғатқа деген сүйіспеншілік пен қайғыру қоршаған ортаны қорғаушыларды радикалды акцияларға итермеледі.

Иррационалды экстремизмнің түрлеріне мыналар жатқызылады:

- жастардың қарсылық қозғалыстары
- психопатиялық экстремизм;
- спорттық;
- мәдени.

Діни экстремизмнің биологиялық және әлеуметтік-психологиялық негізі болып өз-өзін сақтау сезімнің төмендігінен болады. Иррационалды экстремизмнің шығуы туралы делинквенттік топтың теориясы бойынша ашылады. Бұл жөнінде «Кәмелетке толмағандардың қылмыскерлігі және мүмкіндіктері; криминалды жасөспірімдер тобының теориясы» атты кітап авторлары Р. Кловард және Л. Один деген американдық ғалымдар 1961 жылы монографиялық еңбектерін жариялайды.

Саясаттану ғылымында біріншіден, діни фундаментализм мен радикализмнің бір-бірінен айырмашылығын қысқаша былайша тұжырымдайды: Фундаментализм – бұл идеология, дүниетаным. Ал радикализм – бұл «мемлекеттің немесе қоғамның саяси жүйесінің тұрақтылығын радикалды шаралардың көмегімен тез арада өзгертуге бағытталуын қолдау» (саяси анықтама). Радикализм – идеологияның өзі емес, ол идеологияны таратудың формасы. Екіншіден, бұл зерттеушілер, фундаментализм өз мақсаттарына жету үшін радикалды болуы немесе болмауы мүмкін дейді. Бұл зерттеушілердің қысқаша қорытындысында діни экстремизм мынандай түрлі жағдайда көрінуі мүмкін дейді: фундаментализм радикаланған түрде (өз мақсаттарын іске асыруға), немесе радикалдық идеологияның ең шеткі түрі ретінде (көбінше – қандай да маргиналды діни топтарда), немесе басқадай түрде [5].

Қорыта айтқанда терроризмнен, сепаратизмнен, радикализмнен, экстремизмнен, және радикалды фундаментализмнен туындайтын құбылыстар қоғамға қауіпті болып табылады. Бәрінің қауіп төндіретін объектісі – әрине қоғамдық қауіпсіздік. Бірақ бұл құбылыстарға ортақ тән нәрселер мыналар болып табылады: міндетті түрде идеологиялық базаларының болуы. Яғни идеологияларында еш қисынға сәйкес келмейтін біржақты идеологиялық саясаттың болуы. Тек өз көзқарастары мен әрекеттерінің саяси, идеологиялық, психологиялық, моралдық, діни жағынан негізсіз ақталу немесе соның дұрыстығына көзсіз сену. Өз мақсаттарына жетуі үшін әр түрлі әдістерді, тәсілдерді, мүмкіншіліктерді пайдалануы. Бұл олардың арнайы мақсаттары мен тікелей қасақана ниеттері арқылы саналы және ерікті жағдайда қылмыс жасайтындығын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Криминология. Алауханов Е.О. «Жеті жарғы» ЖШС 2005ж.

2. Криминологические аспекты борьбы с экстремизмом в Республике Казахстан. Автореферат. Дарменов А.Д. Астана, 2006г.

3. Религиоведение. О.Ф. Лобазова. Издательство-торговая корпорация «Дашков и К». Москва, 2007г.

4. Организация деятельности органов внутренних дел в сфере противодействия проявлениям религиозного экстремизма. Автореферат. Поминов С.Н. Москва, 2007г.

5. Қазақстан Республикасындағы діни экстремизмнің құқықтық ерекшеліктері. А.Е. Есеналиев, Бекбосынов Е.Т. Қ.А. Ясауи ХҚТУ ШИ. Шымкент, 2008 ж.

Нурбек Д.Т., Мирзагулов

Правовые основы криминологической характеристики и социально-правовые основы религиозного экстремизма Республики Казахстан.

В данной статье были рассмотрены правовые основы криминологической характеристики и социально-правовые основы религиозного экстремизма Республики Казахстан.

Ключевые слова: *социальная патология, религиозный экстремизм, социально-правовая политика, политизация религии, терроризм.*

Nurbek DT, Myrzagulov

Legal basis of criminological characteristics and social and legal basis of religious extremism of the Republic of Kazakhstan.

In this article examined the legal foundations of the criminological characteristics and the social-legal foundations of religious extremism of the Republic of Kazakhstan.

Key words: *social pathology, religious extremism, social-political politics, religiousism in politics, terrorism.*

УДК 349.6

ОСОБЕННОСТИ МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ИНВЕСТИЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В СФЕРЕ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ И ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ

Нұрмуханқызы Д.

*Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган,
daniyafmo@mail.ru*

В данной статье рассматривается международно-правовое регулирование инвестиционной деятельности в области охраны окружающей среды и использования природных ресурсов. Возникают вопросы двусторонних и многосторонних инвестиционных соглашений. Автору предлагаются способы решения этих вопросов.

Ключевые слова: *инвестиции, окружающая среда, правовое регулирование, международные договоры.*

С возрастанием науки и техники, с каждым годом увеличивается рост инвестиций в промышленность, большинство предприятий которой, как и используют природные ресурсы, так и наносят вред окружающей среде. Отношения между иностранными инвестициями и охраной окружающей среды являются сложными и поднимают ряд проблемных вопросов. Например, непонятно, что будет с инвестициями в экологически чувствительных секторах, таких как производство

энергии, распределения воды, очистки отходов или химической безопасности, если экологические нормы принимающего государства были бы более жесткими, то инвесторам не выгодно было бы вкладывать свои средства в ту или иную отрасль. В других случаях международное инвестиционное право может быть использовано для защиты окружающей среды, например, международное право будет требовать, чтобы государство соблюдало свои собственные экологические законы и принципы, на которых основывается инвестиционная деятельность.

В результате быстрого роста прямых иностранных инвестиций, и резкого увеличения экологического сознания появляются новые нормы экологического права, принятые как на национальном, так и на международном уровне. На первый взгляд это может показаться удивительным, что иностранные инвестиции и окружающая среда могут быть связаны законом, и, что споры могут возникнуть в результате противоречивых тенденций между нормами, которые регулируют эти две отрасли. Тем не менее, ряд недавних событий показывает, что это теперь реальный предмет в международном праве, и что он собирается быть постоянным в расширении международной повестки дня, которая может также побуждать национальные и международные суды, и трибуналы.

В течение последних двух десятилетий, роль частного сектора в управлении окружающей средой превратился из маргинального в центральный. Частный сектор имеет очень важную роль, потому что сегодня государственный сектор в одиночку не может финансировать движение средств в охрану окружающей среды. В условиях глобализации частный сектор экономики обладает капиталом и ресурсами, необходимыми для реализации перехода к низкоуглеродной экономике. Для того чтобы это произошло, необходимы законодательные изменения.

Процесс взаимодействия двух отраслей был отражен в области инвестиционного права. В инвестиционных договорах все чаще появляются нормы экологического права. Большинство вновь заключаемых международных инвестиционных соглашений содержат положения, которые относятся к экологическим проблемам и охране окружающей среды.

Работа ряда международных организаций привела к более тесному взаимодействию международного инвестиционного права и права охраны окружающей среды. Например, Рамочная инвестиционная политика в интересах устойчивого развития, разработанная ЮНКТАД и Руководящие принципы Организации экономического сотрудничества и развития для многонациональных предприятий. Ж. Винуалес в своей работе отметил, что важность экологических проблем может также наблюдаться в практике инвестиционного арбитража. Если в последние десять лет более чем в 40 инвестиционных претензии имели место экологические проблемы, которые были рассмотрены в арбитражных и третейских судах, до 1990 года, это цифра достигала только 9 инвестиционных претензий [1].

Для преодоления разрыва между международным инвестиционным правом и правом охраны окружающей среды, необходимо определить вопрос о месте экологического права в инвестиционном праве и вопрос о месте инвестиционного права в области экологического права, которые требуют некоторых уяснений.

Как связаны эти два предмета? По-разному. Одним из способов является механизм, в котором международные экологические конвенции стремятся поощрять прямые иностранные инвестиции как способ достижения своих целей охраны окружающей среды. Ярким примером является Киотский протокол 1997 года к Рамочной конвенции ООН об изменении климата, принятой в 1992 году. Он содержит норму, в которой «Государства, в которых проводятся количественные обязательства по сокращению выбросов в соответствии со статьей 3.1 и приложение В к Киотскому протоколу, могут получать кредиты на выбросы путем проведения

конкретных проектов по сокращению выбросов в других странах». Предоставляя такую возможность, эти механизмы вызывают «зеленые» инвестиции в переходные и / или развивающиеся стран, тем самым, создавая дополнительного вектор устойчивого развития [2].

В данном случае деятельность иностранных инвесторов и охраны окружающей среды взаимно дополняют друг друга. Но в последнее время появились спорные моменты в данных правоотношениях, в которых может возникнуть конфликт между нормами международного права, которые стремятся поощрять прямые иностранные инвестиции, обеспечивая полную и эффективную защиту для них (например, ограничения обстоятельств, при которых экспроприация или "ползучая" экспроприация может иметь место), с одной стороны, а с другой стороны, нормы международного экологического права, которые стремятся защитить окружающую среду. Потенциал напряжения существует там, где государство принимает законы и правила, которые каким-то образом могут помешать деятельности иностранных инвесторов: это может быть что угодно, от закона, который национализует или экспроприирует инвестиции, например, земли, чтобы превратить его в защищенный национальный парк, или правил, которые увеличивают ограничения на инвестиции в такой степени, что они становятся менее выгодными, или даже ничего не стоят [3].

Соотношение между международными инвестиционными договорами и экологическим регулированием отражает общее соотношение между экономической и общественной регуляцией, и между международным правом и национальным законодательством. Глобализация проявляется также в международном праве, и некоторые всеобъемлющие перспективы, следовательно, полезно рассмотреть, прежде чем перейти к более конкретному анализу.

В целом, связь между международным инвестиционным правом и международным экологическим правом имеет два аспекта, в котором вышеперечисленные, как взаимно дополняют друг друга, так и противоречат друг другу. Международно-правовое регулирование инвестиционной деятельности в сфере использования охраны окружающей среды и природных ресурсов отражает двойственную природу этого отношения.

Международные договоры в области экологического права и международные договоры о поощрении и защите инвестиций преследуют разные цели и, следовательно, используют, разные подходы в регулировании. В то время как международные договоры в области экологического права направлены на то, чтобы установить различные правила для развитых и развивающихся стран и справедливо разделить ответственность между этими странами, международные договоры о поощрении и защите инвестиций используют либеральные инструменты, которые направлены на равенство инвесторов и защиту их прав. Эти нормы часто находятся в коллизии друг с другом, связи, с чем возникает вопрос, как соотносятся эти подходы в регулировании. В прошлые годы было предпринято ряд попыток включить экологические стандарты в договоры о поощрении и защите инвестиций.

Основными адресатами международных политических документов, касающихся устойчивого развития являются государства. Одним из важных документов, являются резолюции принятые на Повестки дня 21 [4] на Саммите Земли 1992, и плана выполнения решений, принятого на Всемирном саммите по устойчивому развитию в 2002 году, в котором выработаны руководящие принципы для содействия устойчивому развитию. Тем не менее, эти инструменты также дают некоторые ориентиры для частных и негосударственных субъектов [5]. В дополнение к этим двум документам, были разработаны многочисленные другие «руководящие принципы» и «рекомендации», путем создания международных

организаций, неправительственных организаций или отраслевых групп по регулированию экологических аспектов иностранных инвестиций. По сути, можно выделить два типа инструментов, тех, фокусировка которых непосредственно направлена на деятельность транснациональных корпораций, и те, которые затрагивают такие мероприятия косвенно, ориентированные на основные источники финансирования проекта.

Учитываемые при планировании соображения должны отражать выгоды от инвестиций, природоохранные и эксплуатационные расходы, а также вмененные издержки, отражающие наиболее ценное альтернативное использование воды. В реальной ситуации эти соображения не обязательно будут учитываться при определении.

Опыт прошедших лет свидетельствует о том, что каждая отдельная страна должна установить конкретные целевые показатели. На Всемирной встрече на высшем уровне в интересах детей, состоявшейся в сентябре 1990 года, руководители государств или правительств призвали повсеместно обеспечить водоснабжение и надлежащие санитарно-гигиенические условия и ликвидировать заболевания, вызываемые рикетсией, к 1995 году. Согласно оценкам, даже для достижения более реалистичного целевого показателя, предусматривающего обеспечить водой все население планеты к 2025 году, ежегодный объем инвестиций должен вдвое превышать нынешний уровень [6].

В качестве международных механизмов в сфере охраны окружающей среды и использования природных ресурсов при инвестиционной деятельности можно указать следующее:

- Программа ООН по окружающей среде (ЮНЕП) является генеральной координирующей природоохранной организацией в системе ООН. Ее уставная цель заключается в обеспечении общего руководства и поощрении партнерских связей в деле охраны окружающей среды путем стимулирования стран и людей к улучшению качества своей жизни без ущерба для качества жизни будущих поколений, предоставления соответствующей информации и создания, необходимых для этого возможностей. Международный институт устойчивого развития вносит вклад в устойчивое развитие путем выработки программно-стратегических рекомендаций, касающихся международной торговли и инвестиций, экономической политики, изменения климата и его измерения и оценки, а также рационального использования природных ресурсов.

- Организация экономического сотрудничества и развития. Организация представляет собой форум, на котором правительства могут обменяться своим опытом в области решения политических проблем, получить ответы на общие вопросы, узнать о положительном опыте других стран и координировать свою национальную и внешнюю политику. Это форум, на котором при взаимодействии равных партнеров рождаются мощные инициативы, направленные на совершенствование политики, и разрабатываются согласованные на международном уровне инструменты, решения и рекомендации в тех областях, в которых многостороннее согласие необходимо отдельным странам для достижения прогресса в условиях экономической глобализации. Страны, которые не являются членами ОЭСР, получают приглашения присоединиться к этим соглашениям и договорам. Обмен опытом между правительствами стран-членов ОЭСР осуществляется на основе сбора и анализа информации, которые предоставляет секретариат в Париже. Секретариат собирает данные, проводит мониторинг тенденций, анализирует их и составляет прогнозы в области экономического развития. Он также проводит исследования социальных изменений или разрабатывает модели политики в области торговли, охраны окружающей среды, сельского хозяйства, технологии,

налогообложения и т.п. ОЭСР помогает правительствам осуществлять программы, направленные на процветание их стран, и бороться с бедностью, оказывая содействие в области экономического роста, финансовой стабильности, развития торговли и инвестиций, технологии, инноваций, предпринимательства и содействия развитию. ОЭСР стремится к тому, чтобы страны учитывали влияние последствий социально-экономического развития на состояние окружающей среды.

Қорытынды: Қорытындылай келе «Цесна» сауда маркасы ең танымал брендтердің бірі екенің атап өтуге болады. Себебі «Цесна» кәсіпорны, жарнамалық саясатын тек аудио/видео роликтермен ғана емес, сонымен қатар «KFC» фаст-фуд гигантының, ресми жабдықтаушысы болып табылады. Серіктес ретінде екі бренд, өздерінің логотиптерін бір-бірінің орамаларында көрсеткен. Сонымен қатар Цесна концерні әр түрлі қайырымдылық іс-шаралар өткізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Аакер Д. Создание сильных брендов / Пер. с англ. М.: Издат. дом «Гребенников», 2003.
2. Дэвис С., Данн М. Бренд-билдинг. Создание бизнеса, раскручивающего бренд / Пер. с англ. СПб.: Питер, 2005.
3. Шульц Д., Китчен Ф. Маркетинг. Интегрированный подход / Пер. с англ. М.: ИНФРАМ, 2004.
4. Бухалков М. Внутрифирменное планирование. М.: ИНФРА-М, 1999.
5. Даулинг Г. Р. Наука и искусство маркетинга / Пер. с англ. М.: Вектор, 2006.
6. Дойль П. Маркетинг, основанный на стоимости / Пер. с англ. СПб.: Питер, 2001.
7. Келлер К. Стратегический бренд-менеджмент: создание, оценка и управление марочным капиталом / Пер. с англ. 2-е изд. М.: Вильямс, 2005.
8. Ламбен Ж.-Ж. Менеджмент, ориентированный на рынок: стратегический и операционный маркетинг / Пер. с англ. СПб.: Питер, 2004.
9. Серов И. Return on Brand Investments: зачем, как и кому считать? // Бренд-менеджмент. 2005. № 6. С. 10–16.
10. Старов С. А. Управление брендами. СПб.: Изд-во «Высшая школа менеджмента», 2008.
11. Шеррингтон М. Незримые ценности бренда / Пер. с англ. М.: Вершина, 2006.
12. Шеррингтон М. Незримые ценности бренда / Пер. с англ. А.Токарев. М.: Вершина, 2006.
13. Aaker D.A. Brand Relevance: Making Competitors Irrelevant. San Francisco: Jossey-Bass, 2011.
14. Davis S.M., Dunn M., Aaker D. Building the Brand-Driven Business: Operationalize Your Brand to Drive Profitable Growth. UK: Jossey-Bass, 2002.
15. Kapferer J.-N. New Strategic Brand Management: Creating and Sustaining Brand Equity Long Term. London: Kogan Page, 2008.

Дуйсебаева А.М.

Исследование клиентов на бренде продукции

В данной статье на основании количественных исследований, были выявлены результаты об осведомленности бренда мукомольной продукции.

Ключевые слова: *потребитель, интервью, мучные изделия, товарный знак, вкус, бренд, контактный пункт.*

A.M. Duisebaeva

Customer research on the brand of products

In this article, on the basis of quantitative research, results were revealed about the awareness of the brand of milling products.

Key words: *consumer, interview, flour products, trademark, taste, brand, contact point.*

ӘОЖ 338.24

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДА АЙМАҚТАРДЫ
БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСТАРЛАРЫ**

Жанысбаева А.К.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Талдықорған қ., zhanysbaeva.arailym@mail.ru*

Бұл мақалада инновациялық экономика жағдайындағы аймақтарды басқарудың теориялық астары туралы мәселелер қарастырылады. Инновациялар ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын негізгі фактор ретінде айқындалады.

Кілттік сөздер: *инновация, инновациялық қызмет, маркетинг, технология, қажеттілік, инновациялық сала, инновациялық даму.*

Инновация түсінігі ғылыми зерттеу жұмыстарында 20 ғасырда пайда болған. Ол алғашқы кезде бір мәдениет ерекшеліктерінің екіншісіне енуін білдірген. Инновациялық іс-әрекет нәтижесінде жаңарту, жаңа элементтермен ауыстыру немесе толықтыру болып табылады. Мұндай қызмет жалпы заңдылықтарға ие болады: өзгертудің мақсаты анықталады, жаңалық құрастырылады, тексеріледі, өндіріске енгізіледі, таратылады және соңында өнімді – физикалық немесе моральді ескіреді.

Заттардың жаңа жағдайға немесе жаңа сапаға ауыстырылуы жаңалықтарды енгізу түрінде жүзеге асады. Алғашында ол санада белгілі бір нақты және болатын жағдай арасындағы қарама-қайшылық мәселесі ретінде құрылады. Кейіннен әлеуметтік субъектінің мақсат инновациялық қызметіне айналады. Инновациялық қызмет нәтижесінде әрбір зат, процесс, құбылыс дамиды деген шешімге келуіне болады. Ал осы дамуды жүзеге асыру әлеуметтік-экономикалық субъектінің инновациялық қызметі арқылы жүзеге асады. Инновация, инновациялық қызметке қатысушы субъектінің әртүрлі қызығушылықтары нәтижесінде оның соңғы шешімі ретінде көрініс табады. Олардың жалпы қызметі – мақсатты қызмет арқылы қарама-қайшылықтарды шешу болып табылады [1].

Инновациялық қызмет экономикады екі түрлі гипотезамен түсіндіріледі. Біріншісі бойынша – бұл процестің негізінде технология технология жатыр, ал екіншісінде – нарық сұранысының күші әсер етеді. Технологияға тарту гипотезасы

бойынша ғылым жеке дамиды, ол экономикалық сала мен техникалық прогресс арасындағы қайта байланысқа мән бермейді (Я.Вейн, Ю.В.Яковец). Осы гипотезаға экономикалық әсер гипотезасы жақын болып табылады – жаңалық ашу белсендігі мен келесі инновация жиілігі аралығындағы тығыз байланыстың болуы. Ғылым ой тәжірибеден тәуелсіз және ол ғылыми кезеңдердің ауысуымен көрініс табады. Ғылымның дамуын талдай отырып келесіні тұжырымдауға болады: әлемде төрт ғылыми дағдарыс болған, ал дамыған елдердің техникалық базисінде төрт техникалық жағдай ауысты. Әрбір ғылыми дағдарыс кезінде жаңалықтар саны көбейе түсті.

Жаңа ғылыми жаңалықтар қоршаған ортаны тану процесінде жүзеге асады. Қосымша зерттеулер нәтижесінде ашылған жаңалықтар тәжірибелік мәселелерді шешу құралына айналады. Жаңалықты енгізудің алғашқы сәті ретінде жаңа құрылғының пайда болуына әртүрлі факторлар әсер етеді: экономикалық, саяси, әлеуметтік, техникалық, ғылыми-психологиялық және т.б.

Жаңалықты ашу осындай мәселелерді шешу кезінде пайда болған тәжірибелерді жинақтау қасиетіне ие, жинақталған білімнің молдығы мен тереңдігі жаңалықты жүзеге асыру мүмкіндігіне әсер етеді. Шаруашылық практикада тәжірибе мен білімнің жинағы мәселенің тереңдігін, оның күрделілігін бағалауға, ресурстарды өнемдеуге үлесін қосады.

Нәтижелер мен шығындарды салыстыру – инновациялық қызметті жүзеге асыруды алдын алады. Ол келесі жағдайда іске асырылады:

➤ бірінші жағдай – сұраныс пен ұсыныс тең көлемді пайданың көзі өнімнің өз құнын төмендету, ал инновация, кәсіпорынның пайда табу жағынан қарағанда толық деңгейде қолданылмайды;

➤ екінші жағдай - сұраныстың ұсынысқа қарағанда көп болуы. Ол өндіріске резерв пен инновацияны тартуға, қосымша өсуіне, ал ол өз кезегінде өндіріс көлемінің өсуі есебінен жабылуына әсер етеді;

➤ үшінші жағдай – сұраныстың ұсыныстан төмен – бағалар мен инновациялық қызметке жұмсалатын құралдар азаяды, айналымнан тиімсіз, ескі өндіріс факторлары шығарылады. Пайда деңгейі шығынның төмендеуі есебінен ғана бір деңгейде тұрады [5,86б.].

Жапон экономисті Т.Коно инновацияның негізі болатын төрт ой көзі бар деп есептеді: нарық қажеттілігі; ғылыми мүмкіндіктері; компаниялар қажеттілігі мен саясаты; басқа қызмет етуші компанияларға еліктеу.

Инновациялық қызметке әсер ететін барлық факторлар бірлікте қызмет етеді және бір бірімен тығыз байланыста болады. Жаңалықтың пайда болуы бір бірімен әсер етуші факторлар арасында жүзеге асады, сондықтан олардың арасынан негізгісін таңдау қиын.

Инновациялық қызмет мақсаты, әдісі, формасы мен жүзеге асыру мерзімі, қоғамның ресурстық мүмкіндігімен анықталады. Ресурстық мүмкіндіктер инновациялық қызмет көлеміне, әлеуметтік экономикалық мәселелердің толықтығына, оларды шешу тәртібіне тікелей әсер етеді. Бірақ соңғы нәтижесінің өзі инновациялық үрдістің келесі деңгейіне айналып, ресурстар ретінде қарастырылуы мүмкін.

Инновациялар экономикалық агенттердің өндірісін және коммерциялық мәселелерін шешу құралы болып табылады. Экономикалық агенттер енгізілген жаңалықтардан алынатын пайданың, яғни инновациялық қызметтің соңғы нәтижесінен кірістің бір бөлігін алады. Қоғамдық өмірге инновациялық қызметтің әсер ету деңгейіне байланысты жаңалық енгізу әртүрлі болып бөлінуі мүмкін.

Экономикалық қызмет үшін келесі инновация түрлері көп қолданылады:

➤ рационалды (базалық), яғни жаңа технологиялар, өнім түрлері, басқару әдістері;

➤ аралас әртүрлі өндіріс факторларын қолдануға бағытталған; модификациялы, өнімнің базалық құрылымын, принциптерін және шаруашылық қызмет түрін жақсартумен байланысты.

Инновациялық қызмет қорытындысының қаншалықты тиімді болғанын енгізген жаңалыққа кеткен шығынды өтеу деңгейінен анықтауға болады. Бірақ инновация әсерінен кеткен шығын әдісімен анықтау әрқашан дұрыс болмауы да мүмкін, себебі ол әсер кейіннен көрініс табуы да мүмкін. Рационалды инновацияны жүзеге асыруды елдегі саяси жағдайдың немесе халықаралық ортада мемлекет жүргізген әлеуметтік-экономикалық саясаттың орны ерекше.

Рационалды жаңалықтар сұраныстың төмендеуі, шаруашылық қызмет көрсеткіштің нашар кезінде пайда болады. Мұның бәрі жағдайдың экономикалық талдауын жүргізуді қажет етеді. Инвесторлар инновацияға қаржы салған кезінде олардың қызметі аз тәуекелмен, көп пайда табуға бағытталған.

Инновациялық белсенділіктің жоғары шегі тоқырау кезеңіне келеді. Себебі сол кезде жаңа салалар мен түбегейлі өзгерістерге қажеттілік туады. Инновациялық қызметті жүзеге асырудың қолайлы және қолайсыз кезеңдері болады. Инновациялық қызмет техника-экономикалық факторлардың жиынтығы әсерінен жүзеге асады. Сыртқы ортаның тербелісі ұлттық экономика саяси экономикалық агенттердің инновациялық саясатын жүзеге асыруда есепке алынуы керек.

Инновациялық қызмет барысында экономикалық субъектінің таңдаған мақсаттар жиынтығы мен оларды іске асыру әдістері жаңалықты іске асырудағы инновациялық саясатты анықтайды. Жаңалық енгізудің сандық және сапалық сипаттары сол жаңалық пен қоғамның инновациялық мүмкіндіктерімен алдын ала анықталады [2].

Аралас экономикалық субъекттер – мемлекеттің инновациялық саясаты инновациялық процеске қатысушының барлығының қызығушылығын ескеру керек. Бұл олардың бар күшін жалпы ұлттық мақсатты жүзеге асыруға бағыттау үшін жасалады. Инновациялық қызмет қатысушының экономикалық қызығушылығы басқару жүйесін, ұйымдық-құқықтық құрылымын таңдауы, тартылған қызметкерлер санын алдын ала анықтайды.

Инновациялық қызмет барысында тауар-акша қатынастары жаңалықты өткізу әдісінде көрініс табады. Оны сыртқы тұтынушы сату немесе ішкі фирмалық қолдану барысында өнімді жасауға кеткен шығындарды қысқарту барысында байқауға болады.

Инновациялық үрдісте жаңалық енгізуші және жаңалықты тұтынушы арасында экономикалық қатынастар пайда болады. Инновациялық кезең – маңыздылығы жағынан бір текті қызметтердің жинақталып, рет ретімен уақытша деңгей құруы. Жаңалықты өткізудің негізгі шарты осы жинақталған қызмет түрлерінің деңгей іші мен өзара бір бірінің арасында бірлігін қамтамасыз ету. Деңгей арасында ақпаратпен алмасып отыру кезең ішінде қызметтің ауысып, жаңалық енгізу мен қолдануды іске асырады.

Инновациялық қызметке ғылыми-техникалық, басқару, маркетингтік, шығармашылық қызметтер жатады. Инновациялық процесс аралық деңгейдің біреуінде тоқтап қалса, онда ол толық аяқталмаған болып есептеледі. Яғни: инновациялық деңгейлерге болуы (инновацияға қажеттіліктің тууы және мүмкіндігі); қабылдау (өндіріске енгізу, тәжірибе жүргізу); диффузия (тарату); рутинизация (жаңалықты шаруашылық тұрақты жағдайда өткізу).

Инновациялық сала – бұл халық шаруашылық салалары мен қоғамдық қызмет түрлерінің құндылығын қалыптастыруға қатыспайды. Бірақ тұтынушылық

құндылықтарды өндіретін, заттық құрамды жою материалдық өндірісті дамыту үшін қажет болып табылады.

Инновациялық саланың қоғамда атқаратын негізгі қызметіне материалдық өндіріс пен жалпы қоғамның жаңалыққа деген қажеттілігін қанағаттандыру жатады. Инновациялық сала өнімнің тұтынушылық құнының негізгі бөлімі – тауар түрінде болады. Оның қозғалысы айырбас түрінде жүзеге асады.

Инновациялық қызмет материалдық емес формада болуы мүмкін. Ол ғылым және техника жетістіктері түрінде көрініс табады. Инновациялық сала маркетинг, техникалық объектілерін қамтиды. Олардың қызметі материалдық өндірістің инновацияға қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған.

Инновациялық сала халық шаруашылық ұлттық кірістің құрылуы мен қайта бөлінуіне қатысады. Ол меншік пен ғылым өнімін ғылым саласынан материалдық өндіріс саласына өтуін қамтамасыз етеді.

Инновациялық салада таралып кеткен процестер бір инновациялық процеске айналады. Ол арқылы жаңалық қалыптасады. Ол өндіріс саласының сұранысына сай келеді және кәсіпорын мен тұтынушының игеруін қамтамасыз етеді.

Жалпы инновациялық саладағы экономикалық қатынастар материалдық өндіріс қатынастарынан шығады, бірақ олардың белгілі бір ерекшеліктері бар. Инновациялық саланың дамуы өндірістің ғылыми өнімді игеруге кететін уақытын қысқартады, авансталған капиталын ертерек қайтаруға және оның өндірісті қайта кеңейтуге бағыттауға мүмкіндік береді.

Инновациялық салада қаржылық қызметтің ерекше формасы іске асады, ғылыми өнімді нарыққа шағарудағы венчурлы несиелеу мен маркетингтік бағыт. Инновациялық өнімнің құны оған кеткен шығынмен емес, оның қоғамға алып келетін пайдасымен есептеледі.

Инновациялық саладағы экономикалық механизм – бұл ұйымдастырушылық форма мен инновациялық саланы басқару әдісінің жиынтығы. Ол ұлттық экономиканы құрушы бөлімі болып табылады. Ұйымдастырушылық формалар ретінде функционалдық, салалық және аймағаралық, инновациялық, инновациялық қызметтің ұлттық формаларын түсінуге болады [3,110б.].

Кең көлемде алғанда инновациялық қызмет – бұл қоғам өміріне табиғи және жасанды, әлеуметтік-саяси, экономикалық және басқа да қоғамдық даму факторларының әсері.

Тар мағынада инновациялық қызмет жана ғылыми-техникалық білімді қолдану арнасында өндіріс факторларының жаңа деңгейлі қарым-қатынастарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Нарықтық экономика жағдайында инновациялық қызметті жүзеге асыруда коммерциялық мақсат орын алады. Инновациялық өнім – нарықтық экономикада тауар түрінде көрініс табатын, тұтынушылық құнға ие болатын арнайы еңбек нәтижесі болып табылады. Ұлттық экономикада бірінғай жүйе ретінде шаруашылық қызметтің ерекше саласы құрылады - ол инновациялық сала. Бұл сала материалді өндіріс пен ғылыми меншік саласынан ерекше болады. Инновациялық қызмет ерекше экономикалық қатынастарға ие, ол келесідей байланыс шынжыры ретінде көрініс табады: ғылым-инновация-өндіріс. Нарықтық экономика жағдайында жаңалықты құру және қолдану процесіне қатысушылардың барлығы, интеллектуалды қызмет өніміне жекеменшік құқығы таралады деген пікірді ұстайды.

Бірінғай ғылым – инновация - өндіріс процесіне ену мен одан кіріс алынатын уақыт аралығындағы қайшылықтар. Бұл шынжырдың соңғы деңгейінде көрініс табатын пайдалану, бөлу кезінде жүзеге асады. Инновациялық қызмет өнімінің материалдық саладағы шығындарды үнемдеу мүмкіндігі, оның ерекше тұтынушылық құнын құрайды. Бірақ жаңалықты енгізу нәтижесінен алынған

өнемдеу материалдық өндіріс саласында да құрылады және ғылым – инновация - өндіріс процесіне қатысушылар арасында қайта бөлуді талап етеді.

Инновация қорыта келе материалдық өндірістің ұлттық нәтижелерін қайта қалыптастыруды ұлттық экономика тиімділігін және қоғамдық қажеттеліктерді өткізуді қамтамасыз етеді [4,85б.].

«Инновациялық даму» дегеніміз жаңа жаңалық пен ғылымды, технологияны өндіріспен тығыз байланыстыру көзделген экономикалық даму бағыты. Республикамыздың 2003-2015жж. Индустриалды-инновациялық дамуы Стратегиясының басты мақсаты да тұрақты өсім траекториясына шикізаттық бағыттан сервистік-технологиялық экономикаға көшу мақсатында өндіріс салаларын диверсификациялау көзделген. Инновациялық даму жолын таңдау себептерінің негізгілері: әлемдегі өнеркәсіптің технологиялық жолмен қарқынды дамуы, әлемде жаһандану процесінің өріс алуы, Қазақстанның БСҰ-на кіру мақсатына байланысты өнеркәсіпті бәсекелестікке дайындау қажеттілігі және бәсекеге қабілетті еңселі елу елдің қатарына қосылудағы мақсатқа жету.

Қазақстанның қазіргі таңдағы экономикасында мынадай проблемалар орын алуда: экономиканың шикізат бағыттылығы; әлемдік экономикаға ықпалдасудың әлсіздігі; ел ішіндегі салааралық және өңіраралық экономикалық ықпалдасудың босандығы; өндеуші өнеркәсіп өнімділігінің төмендігі; ішкі рынокта (шағын экономика) тауарлар мен қызметтерге деген тұтыну сұранысының мардымсыздығы; өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның жеткілікті дәрежеде дамымауы; мұнай-газ және кен-металлургиялық кешенге жатпайтын экономика салаларында негізгі қорлардың тез тозуы; кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалуы; ғылым мен өндіріс арасында ұтымды байланыстың болмауы; ҒЗТКЖ қаржының аз бөлінуі; отандық ғылымның нарықтық экономика жағдайларына нашар бейімделуі, ғылыми-техникалық өнімді тауар деңгейіне дейін жеткізудің ықпалды тетіктерінің болмауы, соның салдарынан тұтастай алғанда инновациялық ұсыныстар деңгейінің төмен болуы; мамандарды және жұмысшы кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың қазіргі заманғы жүйесінің болмауы; экономиканың өндеуші секторларына инвестициялар салуға отандық қаржы институттары үшін ынталандыру көздерінің болмауы; менеджменттің экономиканы ғаламдану үрдістеріне және сервистік-технологиялық экономикаға өтуге бейімдеу міндеттеріне сәйкес келмеуі.

Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік саясаты 2014 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық жоспарда белгіленген мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуі, сондай-ақ одан кейінгі жылдары қазақстандық экономиканың сервистік-технологиялық бағыттылығын қалыптастыру негіздерін құруы тиіс.

Саясаттың басты мақсаты шикізаттық бағыттан бас тартуға ықпал ететін экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізу; ұзақ мерзімді жоспарда сервистік-технологиялық экономикаға өту үшін жағдай жасау болып табылады.

Өндеуші өнеркәсіпте және қызмет көрсету саласында бәсекеге түсуге қабілетті және экспортқа негізделген тауарларды, жұмыстар және қызмет көрсетулер өндірісі мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясаттың басты нысанасы болып табылады.

Бәсекеге түсу қабілеті дегеніміз қазақстандық кәсіпорындардың экспортқа шығарылатын өнімдерді өндіру қабілетін білдіреді. Басқаша айтқанда, өндеуші өнеркәсіптің өнімі осындай әлемдік стандарттарға сәйкес келуі керек және баға бойынша бәсекелесуге қабілетті болуы тиіс. Саясат мынадай қағидаттарға негізделеді:

- жеке сектормен серіктестік;

➤ инвестициялық және инновациялық ұсыныстардың өнеркәсіптің шикізаттық емес салаларында өндірілетін тауарлар мен қызметтердің бәсекелестік қабілетін арттыруға бағытталуы;

➤ өнеркәсіпті жаңғыртуға, оларға қолдау көрсету жөніндегі рәсімдердің жариялылығы мен ашықтығына бағытталған жобаларды іске асыруға мемлекеттік қаржылық және өзге қолдау көрсету;

➤ қосылған құн тізбегін дамытуды қамтамасыз ететін салаларға мемлекеттік қолдау көрсету шараларының кешенді сипаты;

➤ тең бәсекелестік жағдайларды және салауатты бәсекелестік ортаны қалыптастыруды қамтамасыз ету;

➤ қандай да болсын жеке сипаттағы жеңілдіктерден және преференциялардан бас тарту;

➤ индустриялық саясаттың бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыруға бағытталуы.

Индустриалды-инновациялық саясат индустриядан кейінгі дамудың перспективалы бағыттарында ғылыми-техникалық, инновациялық және өндірістік әлеуетті ұлғайтуға бағытталған, ол болашақта қағидатты бәсекелестік артықшылықтарды алуға жәрдемдесуге тиіс.

Инновация – бұл қашанда сезгілікті тауар өндірісі өсіміне әкелетін, пайда мен бәсекеге қабілеттілікті күрт ұлғайтатын идеялар тоғысы мен бизнес. Бүгінде Қазақстанға инновациялық қызметтің «жарылысы» қажет. Бизнес перспективалы жобаларды іздеп, оларды жүзеге асыру үшін бейімделуі және жұмыс істеуі тиіс. Инновациялар ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын негізгі фактор ретінде айқындалады.

Қазақстанның алдында экономиканы жеделдете модернизациялау, индустриалды-инновациялық бағытта дамыған экономикаға жету міндеті тұр. Қазіргі Қазақстанның инновациялық дамуы шикізат бағытынан қол үзуге ықпал ететін экономика салаларын әртараптандыру жолымен елдің тұрақты дамуына қол жеткізуге бағытталған [10,256.].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Михеев В. «Новая экономика» Восточной Азии // Федерализм. – 2015. – № 1. – С.50–60.

2. Адам даму туралы есеп. Қазақстандағы адам дамуына арналған жана технологиялар. Қазақстан 2016 жыл. БҰҰ. – Алматы «S-Принт», 2013. – 158 б.

3. Барлыбаева Н.А. Национальная инновационная система Казахстана: перспективы и механизм развития. – Алматы: Экономика, 2016. – 199с.

4. Алшанов Р.А. Новый экономический курс Казахстана: цифры и факты // Казахст. Правда. – 2016. – 15 февраля.

Жанысбаева А.К.

Теоретические аспекты управление регионами в инновационной экономике.

В статье рассматриваются теоретические аспекты управление регионами в инновационной экономике. Инновации определяются как основной фактор, определяющий конкурентоспособность национальной экономики.

Ключевые слова: инновация, инновационная деятельность, маркетинг, технология, потребность, инновационная сфера, инновационное развитие.

А.К. Zhansbaeva

Theoretical aspects of regional management in an innovative economy.

The article examines the theoretical aspects of regional management in an innovative economy. Innovations are defined as the main factor determining the competitiveness of the national economy.

Key words: *innovation, innovative activity, marketing, technology, demand, innovative sphere, innovative development*

ӘОЖ 347

САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жуниспаева А.Б.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
aimur_zhunispayeva@mail.ru*

Бұл мақалада, сақтандыру ұғымының мәні, сақтандырудың және сақтандыру қызметінің құқықтық түсінігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметін ұйымдастыру салалары қарастырылған.

Кілттік сөздер: *сақтандыру, сақтандыру қызметі, міндетті сақтандыру, ерікті сақтандыру, жинақтаушы сақтандыру, аннуитеттік сақтандыру.*

Сақтандыру ежелгі заманнан бері жүзеге асырылып келе жатқан, өзінше бағдар-бағыты бар, айрықша мүддесі-тұлғалардың мүліктеріне, жеке бастарына байланысты жайлар көзделетін қорғау, шығынды жабу, зардап-зиянды қалпына келтіру сипатындағы іс-қимыл болып табылады. Мемлекет тұрғысынан алғанда сақтандыру мемлекеттің қаржы жүйесінің элементі болып есептеледі. Сақтандыру мемлекеттің, заңды тұлғалардың, азаматтардың мүліктік мүдделерін қорғау жүйесін құрады. Сонымен қатар, ол күтпеген табиғи, техногендік және өзге де құбылыстарға байланысты мүліктік, материалдық нұқсандарды қалпына келтіруге кепілдік бере отырып қаржы жүйесін нығайтуға оң әсерін тигізеді.

Сақтандырудың пайда болуы б.з.д. 916 жылмен сипатталады және сауда операцияларының бөлігі болып табылады. ХҮІІ ғасырдың екінші жартысында алғашқы сақтандыру нарығының пайда болуы, қазіргі таңда Ллойдтың танымалдығымен көрініс табады [1].

Орыс тілінде сақтандырудың бірнеше мағынасы бар. Ең кең мағынада алғанда ол бірденеден қорғау дегенді білдіреді. Арнайы мағынада, С.Ожеговтың сөздігіне сүйенсек, «сақтандыру» термині қандай да бір жағымсыз, күтпеген, болмауын тілейтін жағдайлардан сақтауды, сақтануды білдіреді [2]. Арнайы мағынада жалпы алғанда сақтандыру – болып қалуы мүмкін зардаптардан арнайы мекемеге уактылы төлемдер жасау арқылы қамтамасыз ету.

Сақтандырудың мақсаты қоғамдық ұдайы өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін азаматтарды, мүліктерді, өндіріс процестерін қоғамдық және ұжымдық қорғау болып табылады.

Сақтандыру категориясы үшін мына белгілер оған тән болып келеді:

- 1) қатынастардың ықтималдық сипаты.
- 2) Қатынастардың төтенше сипаты .

Сақтандыру категориясының қаржы категориясымен ортақ өзгеше белгілері бар:

- сақтық қатынастарының ақшалай сипаты,
- сақтандырудың қоғамдық өнімнің құнын қайта бөлуге қатысуы,
- оның іс-қимылы ақша қорларын жасап, пайдаланумен қосарланып отырады,
- сақтық қатынастарының бір бөлігінің міндетті сипатының болуы,

- ақша қорларын жасап, пайдалану кезіндегі сақтық баламалығы барлық жағдайда бола бермейді.

Сақтандыру сақтандыру жағдайлары туындаған кезде зиянның орнын толтыруға кеткен шығындарды қаржыландыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ ұзақ мерзімге инвестициялаудың бір көзі болып табылады. Қазіргі кезде Қазақстан аумағында өте қарқынды түрде жүзеге асырылып жатқан процестердің бірегейі сақтандыру нарығын түпкілікті қалыптастыру және оның тиісті инфрақұрылымдарын құру болып отыр. Қазақстандағы сақтандыру нарығының даму жағдайының көрсеткіштері еліміздің ұлттық сақтандыруының негізі құрылғанын мәлімдеп, дәлелдеуде, сондай-ақ Қазақстандағы сақтандыру құқықтық қатынастарының бастамасы болып табылатын сақтандыру, сақтандыру қызметі, әлі де зерделеу-зерттеуін асыға күтіп жатқан аяға, оның ішінде экономикалық және құқықтық тұрғыдан қарастыруды әбден қажет ететін өзекті бағытқа айналып отыр.

Нарықтық даму жағдайындағы сақтандыру ісі қандай болмасын қоғамдық-экономикалық формацияларда тиісінше дамып қалыптасатын және асқан қажеттілігімен ерекшеленетін әрі тиісті сақтандыру салалары бойынша жұмыс істейтін, қоғамдық пайдалы шаруашылық жүргізуге, тұлғалардың еңбек міндеттерін атқаруына, қоршаған ортаға байланысты орын алуы ықтимал тәуекелдерге орай қатысушылары нақтылы айқындалып, құқықтары мен міндеттері белгіленген материалдық мазмұнды қоғамдық қатынастар ауқымында мақсатты сақтандыру қорын және сақтандыру резервтерін құрады, сондай-ақ ұлттық сақтандыру жүйесінде өтеу механизмін іске қосатын сақтандыру жағдайлары туындаған кезде тиісті заңнама және шарт негізінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жолымен сақтандыру қорғауының қамтамасыз етілуін нысаналайтын кәсіпкерлік сипатты – бағдарлы экономикалық институт болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабының 2-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар ерікті әлеуметтік сақтандыруға, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасау және қайырымдылық көтермеленіп отыруға құқылы» [3] деп көрсетілген. Табиғат апаттарының, бақытсыз жағдайлардың және тағы басқа оқиғалардың салдарынан нұқсан үшін өндіріп алатын ақша қорын құру шаралар жүйесін мемлекет жүзеге асырады.

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңының «Сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі» деп аталатын 4-бабының 2-тармағында: *Сақтандыру қызметі* – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасау мен орындауға байланысты, Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес уәкілетті органның лицензиясы негізінде не Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес лицензиясыз жүзеге асырылатын қызметі [4].

Бүгінгі күнде Қазақстан Республикасының сақтандыру туралы заңнама, Азаматтық кодекстен (ерекше бөлімі, 40 тарау), 2000жылғы 18 желтоқсандағы «Сақтандыру қызметі туралы» Заңынан, 2006 жылғы 5 шілдедегі «Өзара сақтандыру туралы» Заңынан, 2003 жылғы 25 сәуірдегі «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңынан, 2015 жылғы 16 қарашадағы «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңынан тұрады.

Елімізде сақтандыруды дамытудың негізгі мақсаты – мемлекеттің, азаматтардың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің мүддесін қорғаудың нақты құралы бола алатын толықтыруды орнықты жұмыс істейтін ұлттық сақтандыру нарығын қалыптастыру.

Қазіргі заманғы ұлттық сақтандыру жүйесін құру сақтандыру қызметі нарығын саналы жаңа деңгейге көтеру жөніндегі шаралар әзірлеуді және кезең-

кезеңімен іске асыруды талап етеді. Бұл қағида Қазақстан Республикасында сақтандыруды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде жүргізіледі. Онда мұндай міндеттерді шешу көзделді:

- әлеуметтік сақтандыру түрі ретіндегі сақтық қорғауды ұсынудың қағидаларын нақтылау;

- сақтандыруды қолдау аясын кеңейту және міндетті сақтандыру түрлерін нақтылау;

- сақтандыру нарығының қазіргі заманғы инфрокұрылымын қалыптастыру және оның қатысушыларының – сақтандыру ұйымы, сақтандыру брокері, сақтандыру агент, сақтанушы, сақтандырушы, пайда алушы, актуарий, уәкілетті аудиторлық ұйым, өзара сақтандыру қоғамы, сақтандырумен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын өзге де заңды және жеке тұлғалардың қызметін ұйымдастыру үшін жағдай жасау;

- халықаралық сақтандыруды ескере отырып, сақтық қадағалауының жүйесін ұйымдастыру;

- сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығы мен төлем қабілеттілігі бойынша талаптарды көшейту;

- осы заманға сақтандыру технологиясын енгізуге жәрдемдесу;

- сақтандыру саласында кадрлар даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін арттыру.

Сақтандыруда дамыту, өз кезеңінде заңнамалық базаны, мемлекеттік салық-бюджет және ақша-несие саясатын жетілдіруге, сақтандыру қызметін қадағалау сапасы мен сақтандыру ұйымдары жұмысының сенімділігіне байланысты болады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 805-бабына сәйкес Сақтандыру нысандары:

- 1) міндеттілік дәрежесі бойынша - ерікті және міндетті;

- 2) сақтандыру объектісі бойынша - жеке және мүлктік;

- 3) сақтандыру төлемін жүзеге асыру негіздері бойынша - жинақтаушы және жинақтаушы емес болып табылады [5].

Міндетті сақтандыру - егер сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін заңнамалық актілерде өзгеше белгіленбесе, талаптары тараптардың келісімімен айқындалатын, заңнамалық актілердің талаптарына орай жүзеге асырылатын сақтандыру.

Міндетті сақтандыру сақтанушының есебінен жүзеге асырылады.

Міндетті сақтандыру кезінде сақтанушы, егер сақтандырудың осы түрін реттейтін заңнамалық актілерде өзгеше белгіленбесе, тараптардың келісімімен айқындалған талаптар бойынша сақтандырушымен шарт жасауға міндетті.

Міндетті сақтандыру шарты сақтандырудың осы түрін жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалады. Сақтандырудың міндетті түрін реттейтін заңнамалық актілерде тәртібі мен талаптары белгіленген міндетті сақтандыру шартын жасасу, егер осы заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, жоғарыда аталған сақтандырушы үшін міндетті болып табылады.

Ерікті сақтандыру - тараптардың еркін білдіруіне орай жүзеге асырылатын сақтандыру.

Ерікті сақтандырудың түрлері, шарттары мен тәртібі тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

Азаматтың өмірін, денсаулығын, еңбекке қабілеттілігін және жеке басына байланысты өзге де мүлктік мүдделерін сақтандыру жеке сақтандыруға жатады.

Жеке сақтандыру шарты бойынша сақтанушының өзі, сондай-ақ шартта аталған басқа (сақтандырылған) адам сақтандырылған болуы мүмкін.

Мүлікті және оған байланысты мүліктік мүдделерді сақтандыру мүліктік сақтандыруға жатады.

Сақтандыру жағдайы туған кезде, соның ішінде сақтандыру шартында белгіленген кезең не олардың қайсысының бұрын туындауына байланысты сақтандыру шартында көзделген өзге оқиға аяқталғанда сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру жинақтаушы сақтандыру болып табылады.

Туындауының ықтималдық және кездейсоқ белгілері бар Сақтандыру жағдайы туған кезде ғана сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру жинақтаушы емес сақтандыру болып табылады.

Аннуитеттік сақтандыру шарты - сақтандырушыны шартта белгіленген мерзім ішінде пайда алушының пайдасына мерзімді төлемдер түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті ететін сақтандыру шарты.

Жинақтаушы сақтандыру шарттары тек қана жеке сақтандыру бойынша жасалуы мүмкін.

Аннуитеттік сақтандыру шарты жинақтаушы сақтандыру шарттарына жатады.

Сақтандыру қызметін ұйымдастыру және мемлекеттік реттеу мен лицензиялауды жүзеге асыру үшін сақтандыру салаларға, сыныптар мен түрлерге бөлінеді. Сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметі "өмірді сақтандыру" саласы және "жалпы сақтандыру" саласы бойынша жүзеге асырылады.

"Өмірді сақтандыру" саласы ерікті сақтандыру нысанында мынадай сыныптарды қамтиды:

- 1) өмірді сақтандыру;
- 2) аннуитеттік сақтандыру;

"Жалпы сақтандыру" саласы ерікті сақтандыру нысанында мынадай сыныптарды қамтиды:

- 1) жазатайым жағдайлардан сақтандыру;
- 2) ауырған жағдайдан сақтандыру;
- 3) автомобиль көлігін сақтандыру;
- 4) темір жол көлігін сақтандыру;
- 5) әуе көлігін сақтандыру;
- 6) су көлігін сақтандыру;
- 7) жүктерді сақтандыру
- 8) осы тармақтың 3)-7) тармақшаларында аталған сыныптарды қоспағанда, мүлікті залалдан сақтандыру;
- 9) автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- 10) әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- 11) су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- 12) осы тармақтың 9)-11) тармақшаларында аталған сыныптарды қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;
- 13) заемдарды сақтандыру;
- 14) ипотеканы сақтандыру;
- 15) кепілдіктер мен кепілгерліктерді сақтандыру;
- 15-1) осы тармақтың 13), 14), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, қаржы ұйымдарының шығындарын сақтандыру;
- 16) басқа да қаржы шығындарынан сақтандыру;
- 17) сот шығыстарынан сақтандыру;
- 18) титулдық сақтандыру [4].

Ерікті сақтандыру нысанындағы сақтандырудың жекелеген сыныбын (түрін) жүргізу жағдайлары бойынша қосымша талаптар, оның ішінде сақтандырудың

жекелеген сыныптары (түрлері) шеңберіндегі пруденциалдық нормативтер уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Сақтандыру түрі, сақтандыру ұйымы сақтанушыға сақтандыру шартын жасау арқылы сақтандырудың бір немесе бірнеше сыныбы шегінде әзірлейтін және беретін сақтандыру өнімі болып табылады.

Өмірді сақтандыру сақтандырылушы қайтыс болған немесе ол сақтандыру мерзімі біткенге дейін не сақтандыру шартында белгіленген жасқа дейін өмір сүрген жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Аннуитет (фр. annuité лат. annuus — жылдық) немесе қаржылық рента – бұл бірдей интервалмен белгіленген жылдарда бір бағыттағы төлемнің кезектілігімен белгіленген ағымы [6].

Аннуитеттік сақтандыру сақтандырылушы белгілі бір жасқа жеткен, еңбек ету қабілетін (жасына байланысты, мүгедектігіне байланысты, науқастығына байланысты) жоғалтқан, асыраушысы қайтыс болған, жұмыссыз қалған жағдайларда немесе сақтандырылушының жеке табыстарының кемуіне немесе одан айрылуына әкеліп соққан өзге де жағдайларда зейнетақы немесе рента түрінде шартта белгіленген мерзім ішінде немесе өмір бойы кезең-кезеңімен сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін жинақтаушы сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады. Аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша кезең-кезеңімен сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жағдайы сақтандыру төлемдерінің мөлшерін айқындаумен, нақтылаумен және растаумен байланысты емес.

Сонымен, сақтандыру қызметі дегеніміз төтенше оқиғалар, қолайсыз құбылыстар мен күтпеген оқиғалар туындаған кезде жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау үшін қызмет ететін, зиян келтірілген жеке және заңды тұлғаларға материалдық зиянды төлеу үшін мақсатты ақша қорларын құратын және пайдалану жөніндегі қайта бөлгіштік қатынастардың айрықша сферасы болып табылады. Ол сақтандыру шартында көрініс тауып, сол арқылы жүзеге асырылады.

Сақтандыру қызметі бір жағынан кәсіпкерлікті және жеке тұлғалардың әлауқатын қорғау құралы, ал екінші жағынан табыс әкелетін қызмет түрі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Джемпейсова, Г. И. Сақтандыру : Оқу құралы / Г. И. Джемпейсова, О. Н. Чикунов, С. Н. Сүйеубаева.- Алматы: «Экономика», 2010.- 256 б.
2. С. Ожегов. Русский словарь. 1989. – 365 с
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995ж.
4. Сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 18.12.2000ж.
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. (Жалпы және Ерекше бөлімдері). – Алматы: «ЮРИСТ», 2015. -344 б.
6. Словарь страховых терминов. / Под. ред. Е.В Коломина, В.В.Шахова.- М.: «Финансы», 2010.

Жуниспаева А.Б.

Правовое понятие страхования и страховая деятельность

В статье рассматривается сущность страхования, правовое понятие страхования и страховой деятельности, а также организаций страховой деятельности в Республике Казахстан.

Ключевые слова: *страхование, страховая деятельность, обязательное страхование, добровольное страхование, накопительное страхование, аннуитетное страхование.*

A.B. Zhunispaeva

Legal concept of insurance and insurance activity

This article covers the mean of insurance, legal mean of insurance and the insurance service, also Organization of Insurance business in Republic of Kazakhstan.

Key words: *insurance, insurance activity, obligatory insurance, voluntary insurance, overnight insurance, annuity insurance.*

ӘОЖ 339.92

**ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ АУҚЫМЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДАМУ ЖАҒДАЙЫ**

Корабаева Н.Б.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
nazgul_22_07_80@mail.ru*

Мақалада ғаламдану жағдайында Еуразиялық экономикалық интеграция ауқымындағы Қазақстан Республикасының даму мәселелері қарастырылған. Қазақстанның интеграциялық қатынастар мәселесін қарастырудың объективті қажеттілігінің шарттары көрсетілген. Қазіргі кезеңдегі экономикалық дамуының заңдылықтарына байланысты интеграциялық үдерістердің даму барысын бақылау өзекті мәселе болып отыр.

Кілттік сөздер: *интеграция, ғаламдану, Еуразиялық экономикалық интеграция, Еуразиялық экономикалық қауымдастық, Ұлттық экономиканың негізгі құрамдастары, Кедендік Одақ.*

Еліміздегі кең ауқымды саяси-экономикалық реформалардың жүргізілуі әлемдік экономиканың ғаламдану үдерісімен тоқайласты. Жалпы алғанда, ғаламдану үдерісінің шынайылығын мойындай отырып, оның әлем елдерінің сыртқы саясатының нысандары мен әдістеріне айтарлықтай әсер ететінін ескермесе болмайды. Жаңа жағдайдағы ұлттық экономика бұрынғыдан ашық бола бастады, сондықтан мемлекет өзінің саясатында еліміздің ішінде де, сонымен бірге сыртқы салада да болып жатқан үдерістердің тығыз байланысты екенін ескеруге тиіс.

Мәселенің өзектілігі, ең алдымен Қазақстанның әр түрлі халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу қажеттілігіне байланысты болып табылады. Интеграция жағдайында әрбір мемлекет ғаламданудың теориялық және әдіснамалық аспектілерін, яғни интеграциялық үдерістердің қағидалары мен нысандары және алғышарттарын экономикалық интеграцияның кезеңдерін, қойылатын талаптары мен факторларын жан-жақты ойластыруға тиіс.

Қазақстанның интеграциялық қатынастар саласындағы мәселесін қарастырудың объективті қажеттілігі мен айрықшылықты өзектілігі төмендегі шарттармен қарастырылған:

- туындаған қаржы дағдарысына байланысты мемлекетаралық байланыстардың күрделенуі;
- ел ішіндегі халық шаруашылығының ұтымды үйлесімділігін қолдаудың қажет болуы;
- нарықтық экономиканың, әсіресе, ұдайы өндірістік циклдардың дағдарысы кезеңдеріндегі өзін-өзі реттеуге қабілетсіздігі;
- интеграциялық үдерістердің дамуының макро- және мезодеңгейдегі аспектілерінің аз зерттелуі себеп болып отыр.

Соңғы 20-30 жылда дүние ауқымы жағынан алып құбылыстар мен үдерістер ағымның куәгері болуда, олардың әрқайсысын жеке алғанда бүкіл әлемдік қоғамдастық үшін ғаламдану салдарының заман уақиғасы деп аталуы мүмкін. Әлемдік қоғамдастық өтіп жатқан маңызды өзгерістер және тағы бір тарихи кезеңнің аяқталуының және қазіргі өмірдің өз дамуының сапалы жаңа сатысына өтуінің куәгері [1, 263б.].

Әлемдік тәжірибеде пайдаланылатын мемлекеттер арасындағы экономикалық ынтымақтастық формасы оларды өзара тәуелділікте болдырады. Осы негізде екі үрдіс қалыптасады: әлемдік экономиканың ғаламдануы және оның аймақтануы.

Қазіргі заманғы ғаламдану өріс алған кезеңде түйткіл ғаламның екі жартысы тұтас бір әлемге көшіп кеткендей. Жер шары, Батыс пен Шығыс әлемі түрлі элементтерден құралатын тұтас жүйеге, яғни ғаламның екі жартысын бөліп тұрған өркениет құндылықтары тұтастанып, ғаламдану үдерісіне айналуға.

Қазіргі заманғы әлемдік шаруашылықта әр түрлі елдердің экономикаларының өзара тәуелділігі артып, макро-, мезо- және микродеңгейдегі интеграциялық үдерістер қарқынды дамып келеді, елдердің өзімен-өзі оқшуланған ұлттық шаруашылықтары сыртқы әлемге бет бұрған ашық түрдегі экономикаға қарай бейімделуде. Осының барлығы әсіресе қазіргі кезеңдегі біртұтас әлемдік шаруашылықтың экономикалық дамуының заңдылықтарымен және ерекшеліктерімен байланысты болып отыр [2, 14б.].

Президенттің халыққа Жолдауы - дамудың өз стратегиясын жариялаудың басы, шын мәнінде, елдің болашақтағы дамуының және оларға қол жеткізуге жол ашатын ерекше белгісі болып табылады [3]. Экономикалық интеграция екі жақтың өзара іс-қимылына төменде аталған жайлы жағдайлар туғызуды қамтамасыз етеді:

- интеграциялық ынтымақтастық шаруашылық жүргізуші субъектерге әр түрлі: қаржылық, материалдық, еңбек ресурстарына, барлық аймақ деңгейдегі жаңа технологияларға, барлық интеграциялық топтастырудың сыйымды нарығына қол жеткізулеріне жағдай туғызады;

- аймақтық деңгейдегі елдердің экономикалық жақындастығы экономикалық интеграцияға қатысушы-елдердің фирмаларына оларды үшінші бір елдің бәсекелестігінен белгілі деңгейде қорғай отырып, артықшылықты жағдай жасайды;

- интеграциялық ықпал оған қатысушылардың аса өткір әлеуметтік мәселелерді бірігіп шешулеріне, еңбек нарығындағы жағдайды жеңілдету, жеткілікті қамтамасыз етілмеген тұрғындарға әлеуметтік кепілдік беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз және еңбекті қорғау жүйелерінің ары қарай дамуы секілді мүмкіндіктер береді.

Біздің көзқарасымыз бойынша, елдің сыртқы экономикалық байланыстары өзіне және көршілес аймақтарға бағытталады, интеграциялық үдерістер экономикалық аймақшылдықтың дамуына септігін тигізеді, яғни көршілес елдердің экономикалары осы елдердің компаниялары арасындағы терең әрі орнықты экономикалық байланыстарының негізінде біртұтас аймақтық шаруашылық кешеніне ұласады. Қатысушы-елдер арасындағы интеграциялық үдерістерді реттеуге тиіс интеграциялық бірлестіктер осылайша пайда болады.

Қазіргі таңдағы әлемдік экономиканың жаһандануымен аймақтық экономикалық интеграция түсініктері біртекті түсініктер емес, бірақ та аймақтық интеграция мен жаһанданудың әрекет етуіне байланысты олардың бірқатар ұқсастықтарын атауға болады: ұлттық экономиканың өзара тәуелділіктерінің күшеюі, ұлт үсті институттар рөлінің күшеюі және әлемдік шаруашылықты реттеуші жаңа субъектілердің пайда болуы т.б.

Қазіргі таңда халықаралық экономика мен сауданың алатын орны ерекше. Көптеген мемлекеттер белгілі бір салада бірлесіп қызмет ету арқылы, сондай-ақ

шекаралас мемлекеттердің бірлесіп даму барысында, өзара тиімді қатынастар құруы арқылы бағыттарын айқындауға өз септігін тигізіп келеді.

Бірыңғай экономикалық кеңістік шекарасынан өтетін заттарды бақылау арқылы сыртқы саудаға кіру үшін ортақ мәдени және тарихи құндылықтары бар, даму деңгейі ұқсас елдер экономикаларының жоғары санын біріктіруден тұрады. Бірыңғай экономикалық кеңістік және Кедендік Одақ - екі немесе бірнеше елдер арасындағы саудадағы кедендік баждарының жойылуы туралы келісімге әкелетін, экономика интеграциясын нығайтатын, еркін сауда аймағының бір формасы [4].

Бірыңғай экономикалық кеңістігінің Қазақстан үшін қазіргі ахуалы мен болашақтағы жағдайын нығайту, одаққа қатысушы мемлекеттер арасындағы интеграциялық процестердің тиімді әлеуетін қалыптастыру үшін, келесі ұсыныстар беріледі:

– Бірыңғай экономикалық кеңістік және Еуразиялық экономикалық одақты дамыту келешегін жетілдіруді, жаһандық халықаралық институттардың қайта құрылуын, өңірлік және әлемдік дамуды ескере отырып, экономикалық интеграция проблемаларын шешуге жалпы амалдарды анықтау;

– Қазастанның ішкі нарығындағы проблемаларды шешу бойынша шараларды жан-жақты ұйымдастыру, бұл өңірлік нарықтық интеграцияның шарты ретінде қарастырылуы қажет. Сондай-ақ мәселелерді шешуде Одақ бойынша нормалар, ережелер мен стандарттар ескерілуі қажет;

– Қазақстандық тауарлардың транзиті үшін қазіргі таңда кездесетін баға кедергілерін алдын-алу, отандық экспорттаушы кәсіпорындар үшін кең мүмкіндіктер ашу;

– Еліміздің бәсекеге қабілетті артықшылықтарын толық мөлшерде пайдалану, яғни табиғи ресурстардан өзге, транзиттік-коммуникациялық әлеуетті, әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті саналатын салаларды, Бірыңғай экономикалық кеңістігі ішінде сұранысқа ие салаларды дамыту.

Біздің аса айтарлықтай қиындықтарымыздың бірі Бірыңғай экономикалық кеңістігі елдерінің ішкі, бүгінгі мүдделері тепе-теңдігін және ұзақ мерзімді, перспективалы ұлттық міндеттерді сақтау қажеттігінен туындайды. Бірінші кезеңде кедергілерден қашып құтыла алмайтының айқын – өйткені, күрделі тетіктерді орнықтыру үдерістері жүреді. Бірақ олар дер кезінде анықталып, аластаудың тиісті шаралары жүзеге асырылады. Бүгінде бизнес-қоғамдастық та, халықтарымыз да Кеден одағынан нақты пайда көре бастаса, болашақта бұл үрдіс тек қарқын ала түспек.

Беларусь, Қазақстан және Ресей экономикалық интеграцияның үлгісі – тәуелсіз мемлекеттер арасында ерікті түрде құрылған Кедендік одақ құрамына топтасты. Бұл жаңа құрылымның басты артықшылығы – Кедендік одақ құрамына ену арқылы, Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде қазіргі жаһандану дәуіріндегі болжаусыз экономикалық дауылдарға бірлесе қарсы тұратын болады. Отандық тауар өндірушілер үшін өнім өткізу нарығы ондаған есе ұлғайып, ел экономикасының бәсекелестікке қабілеттілігі шыңдалмақ. Біздің пікірімізше, бұл одақтың тигізетін қауіп-қатерлері жеткілікті болса да, ол өзінің жағымсыз нәтижесін көрсететін еді, алайда статистикалық мәліметтер нәтижесі тек оң динамиканы көрсетіп тұр. Сондықтан зерттеу барысында қорытатын болсақ, Бірыңғай экономикалық кеңістігі және болашақтағы Еуразиялық экономикалық одақтың шеңберінде еліміз саяси артықшылықтар мен қатар экономикалық, техникалық нәтижелерге қол жеткізіп, ен бастысы Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі және алдыңғы қатарлы Еуразия мемлекеттерінің бірі болады деген ойдамыз.

Қазақстан экономикасын трансформациялау үдерісінде ұлттық экономикалық мүдде жеткіліксіз ойластырмаудың бірден-бір мәнділік себебінен жаппай

жекешелендірудің салдары күйреткен жағдайға душар еткені мәлім. Трансформациялық саясат пен ілгері дамуды анықтау үшін Қазақстан халқының тәуелсіздігі мен оның әл-ауқатын қамтамасыз етуге арналған нақты, ғылыми зерттелген және ұлттық экономикалық мүддені ғылыми жағынан негіздеп іске асыру керек.

Ұлттық экономиканың негізгі құрамдастары – ұлттық шаруашылық, экономикалық саясат дамушы елдерді, соның ішінде Қазақстан Республикасын көтеретін маңызды фактор әрі жаңартатын тұтқаға айналды.

Интеграциялық үдеріс құрылымында мынадай құрамдастарды жеке бөлуге болады:

- Саяси (стратегиялық мүдделерді келісу, заң шығару қызметі).
- Әлеуметтік (туыстық өзара қарым-қатынастар, еңбек көші-қон және т.б.).
- Өндірістік (өнеркәсіптік, көлік, энергетикалық аспектілер).
- Экономикалық (еркін сауда аймағы, тарифтер, еңбек нарығы және т.б.).
- Қаржылық (инвестициялық ахуал, капитал нарығы және т.б.).
- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (ұйымдасқан қылмыспен күрес, әскери-техникалық ынтымақтастық, лаңкестікпен күрес, шекараны бірлесіп күзету).
- Мәдени (тіл кеңістігі, мәдени алмасу).
- Ғылыми және білім беру.

Зерттелетін мәселемен байланысты көздерді талдау осы құрамдастардың басымдығының әр түрлі екенін, сондай-ақ бұрынғы кеңес кеңістігі дамудың бір кезеңінен екінші кезеңге ауысқанда басымдықтардың өзгеретінін көрсетеді. Қазіргі уақытта сарапшылар экономикалық құрамдасты интеграциялық үдерістердің негізгі құрамдасы деп санайды. Сондықтан осы бағыт пен экономикалық интеграцияны қамтамасыз ететін факторларға ерекше назар аударылады.

Еліміздегі әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында жұмыссыздықтың деңгейін төмендету үшін ұлттық мүддені ойластырып, еліміздің ауыл шаруашылық бағыттағы өндірістік үдерісін көтерген абзал. Сыртқы сауда ұлттық кірістің, кеден төлемдерінің, экспортқа бағытталған және шетелдік капиталы бар бірлескен кәсіпорындардың салық төлемдерінің, шетел инвестициялары мен отандық өндірушілердің инвестицияларының келуі мен кетуі сияқты құрамдастарға байланысты жалпы ішкі өнімнің құрамындағы қосылған құнды өзгерту арқылы экономикалық дамудың сипатына (қауіпсіз немесе «дамуға» қауіп төндіретіндей) ықпал етеді.

Соңғы кезеңде әлем интеграция туралы келісімдердің жаппай қабылдануының куәсі болды. Өзінің экономикалық стратегиясында аймақтық интеграцияның мүмкіндіктерін пайдаланбайтын мемлекеттер жаһандану қауіптеріне қарсы тұра алмайтындығын ескеру қажет. Сондықтан, қазіргі таңда әрбір мемлекет аймақтық интеграция жөніндегі бір немесе бірнеше келісімдердің мүшесі болып табылады. Халықаралық интеграция әлемдік шаруашылықтың жекелеген аймағындағы экономикалық жаһанданудың көрінісі ретінде жаһандық үрдістердегі қайшылықтарды шешу маңызды құралдарының бірі болып, халықаралық бәсекелестікте бірігуші мемлекеттердің жағдайын күшейтуге мүмкіндік береді. Жалпы, аймақтық интеграцияны жүзеге асыру - жаһандану қауіптерін болдырмаудың басты кепілі.

Еуразиялық экономикалық қауымдастықты халықаралық ұйым ретінде қалыптастыру – қазіргі заманғы әлемдік экономикалық даму талаптарына мүше-мемлекеттерінің стратегиялық жауабы. Бүгінгі күні бұл ұйым посткеңестік кеңістіктегі экономикалық интеграцияның локомотиві болып табылады. Сонымен қатар, ЕурАзЭҚтың құрылуы посткеңестік аймақта жасалып жатқан интеграциялық

үрдістердің табиғаты мен заңдылықтарын сараптауға бағытталған тиімді қадам және нақты интеграцияға жету мақсатында көпжоспарлы ынтымақтастық жолымен нық басып жүруге бағытталған мүмкіндік деуге болады. Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше-мемлекеттермен қарым-қатынасты дамыту Қазақстанның негізгі сыртқы экономикалық басымдықтарының бірі болып табылады.

Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа қосылуының келесі тиімді жақтары мен себептерін атауға болады. Олар: Қазақстанның Ресей экономикасымен күрделі байланыстылығы, Қазақстанда ішкі саяси тұрақтылық пен геосаяси қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне жанама әсері, ортақ әуе қорғанысы жүйесінің орнығуы, Ресейдің ірі нарқына кіріп, экономикалық бәсекелестікке бейімделудің мүмкіндіктері, геопсихологиялық жағынан Ресеймен бірге болу арқылы әлемдегі ықпалы мен атағын арттырудың мүмкіндігі, т.б. Сондай-ақ, Дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың да келеңсіз әсері интеграциялық үдерістерді жеделдетті.

Еуразиялық экономикалық одақтың Қазақстан үшін барлық тиімді және ықтимал зиянды жақтарын салыстыратын болсақ, Астана үшін артықшылықтарының басым екенін айта аламыз. Өйткені, қазір қазақтың саяси элитасы және елдің ішкі тұрақтылығы үшін интеграция өте тиімді. Қазақстанның геосаяси тұрақтылық жағдайында күшейіп алуы үшін Ресейді Батыспен немесе Қытаймен салыстыруға болмайды. Елдің болашағы тұрғысынан Ресеймен жақын ынтымақтаса отырып, оның экономикасымен бәсекелесіп, ысылып барып, дүниежүзілік бәсекелестікке дайын, қуатты Қазақ мемлекетін қалыптастыру мүмкіндігі зор және алдымызда нақ осы міндет тұр. Ал бұл мақсатты, яғни «Қазақстан - 2050»

Стратегиялық жоспарын орындау үшін Ресеймен жақсы болу бірінші шарт. Осы тұрғыдан Қазақстан өзінің төңірігіне дұрыс баға беріп отыр. Ресеймен түсінісе алудың өзі үлкен геосаяси жетістік. Әрине, Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа енуі – үлкен саясатпен шектесетін үлкен экономика [5].

Бәсекелестік пен интеграцияның экономикалық үдерістің өзара ықпал ететін факторлар ретіндегі байланыс проблемасы бір буын тізбегі ретінде берілу мүмкіндігі негізделді. Бұл байланыс проблемасы, біріншіден, бәсекелестіктің интеграцияның «қозғалтқышы» ретінде жасайтын ықпалының келешектегі нәтижесін анықтау, екіншіден, кері тәуелділікті (қашан бәсекелестіктің қарқынының шамасы ретінде интеграциялық әсерлердің бірі болса) анықтау үшін қарастырылуы тиіс.

Интеграцияның ең маңызды жалпы экономикалық сипаттамаларына: экономикалық үдерістерді мемлекетаралық реттеу; азды-көпті «дербес» кешендердің орнына ұдайы өндірісінің пропорциялары мен құрылымдары ортақ аймақшылдық интернационалдық шаруашылық кешенін бірте-бірте ұйымдастырылу; тауарлардың, жұмыс күші мен қаржы ресурстарының аймақ шектерінде мемлекеттер арасында кеңістікте жылжу мүмкіндігін кеңейту және осы қозғалысқа кедергі ететін сан алуан әкімшілік және экономикалық кедергілерді жою; интеграциялық бірлестікке қатысушы-мемлекеттердің ішкі экономикалық жағдайларын жақындастыру, олардың экономикалық дамуының деңгейін теңестіру жатады. Интеграцияның функционалдық және мекемелік параметрлеріне: тауарды әкелу, әкету кезіндегі кедендік және сандық шектеулерді жою; жалпы кеден тарифтерін енгізу; адамдардың, тауарлардың, капитал мен қызметтердің еркін қозғалысына қойылатын кедергілерді жою; ауыл шаруашылығы мен көлік саласында ортақ саясат жүргізу; олардың төлем баланстарының тепе-теңдігін орнатуда қойылатын кедергілерді жою; мемлекет ішіндегі құқықтық нормаларды тегістеу; мемлекетаралық инвестициялық банк құру болып табылады.

Әр түрлі елдердің экономикаларының өзара тәуелділігі өсетін, макро-, мезо- және микродеңгейдегі өлшемдері қарқынды дамитын, сонымен бірге елдердің жеке

ұлттық шаруашылықтары сыртқы әлемге бетбұрыс жасаған ашық үлгідегі экономикаға жылдам айналатын интеграциялық үдерістердің даму барысы қарастырылды. Осының барлығы жалпы әлемдік шаруашылықтың және оның әсіресе қазіргі кезеңдегі экономикалық дамуының заңдылықтарына байланысты орын алып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тастандиева Н.Б. «Қазақстан және жаһандану: жаңа көзқарастар мен ақиқаттар» // Журнал «ҚазЭУ Хабаршысы» - 2010. - №2(62).- 263-266бб.
2. Тастандиева Н.Б. Состояние экономики Казахстана и возможность ее интеграции // Сборник научных трудов.- Алматы, Экономика, 2011.- С.14-20.
3. Қазақстан Республикасы Президенті елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012ж. 14 желтоқсан
4. Арбашиева А.Д. Орта Азия елдері үшін аймақтық интеграцияның рөлі және оның тиімді бағыттары // <http://group-global.org/news/view/106>
5. Б. Жолдыбай. Еуразиялық экономикалық одақ елімізді дамудың даңғыл жолына бастайды // Егемен Қазақстан газеті. - 05.06.2015. – 3-4бб.

Корабаева Н.Б.

Развития Республики Казахстан в масштабе Евразийской экономической интеграции в условиях глобализации.

В статье рассмотрены проблемы развития Республики Казахстан в масштабе Евразийской экономической интеграции в условиях глобализации. Показаны условия объективной необходимости рассмотрения проблемы интеграционных отношений Казахстана. В связи с закономерностями современного этапа экономического развития является актуальным наблюдение за ходом развития интеграционного процесса.

Ключевые слова: интеграция, глобализация, Евразийская экономическая интеграция, Евразийское экономическое сообщество, ключевые компоненты национальной экономики, Таможенный союз.

N.B. Korabayeva

Development of the Republic of Kazakhstan in the scale of the Eurasian economic integration in the context of globalization.

The article considers problems of development of the Republic of Kazakhstan in the scale of the Eurasian economic integration in the context of globalization. The conditions the objective necessity of consideration of the problem of integration relations of Kazakhstan. In connection with the patterns of the present stage of economic development is actual monitoring of progress of development of the integration process.

Key words: integration, globalization, Eurasian economic integration, the Eurasian Economic Community, key components of the national economy, the Customs Union.

ӘОЖ 330

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ АСПЕКТІЛЕРІ

Қыдырбаева Э.О., Октябрь А.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
alemgul-a@mail.ru*

Мақалада инновациялық қызметке персоналдардың дайындығын қамтамасыз ету процесі негізі ретінде қарастырылған. Жалпы айтқанда инновациялық стратегия ұстанымы жалпылама корпоративтік стратегияға бағытталған. Инновациялық қызметтер жаңалықтардың өте жылдам және қарқында жасалуы және олардың осы экономикадағы тірегі кең құрылымдық жылжу мүмкіндігі, нарықтағы талаптардың күшеюімен түсіндіріледі.

Кілттік сөздер: Инновация, компания, инновациялық жүйе, басқару концепциясы, менеджмент.

Инновация – бұл нарықта қолданыстағы және ұсыныстағы жаңа өндірілген өнімді соңғы сатысына дейінгі жеткізілген жаңалық. Инновациялық жүйе - көбінесе, инновациялық қызметтермен бірге қатарласа жүретін элементтерді, сонымен бірге, мекеменің реттеуші құжаттарын бекітетін өз арасындағы ішкі қарым қатынасты түсінеміз. Көп жағдайда қызметкерлер өздеріне қажетті құжаттардан бағынышты түрде емес ерікті түрде ақпарат алу үшін мәләметтерді ақпараттық қорға біріктіру қажет (мысалы, ішкі корпоративтік желінің өз сайтың құрастыру), сонымен қатар, құжаттарды қабылдау жөніндегі сұрақтарға жауап беретін кеңесші және заңгер немесе міндетті түрде менеджер тағайындау керек [1].

Тек «Инновация» бүткіл жаңалықтарға, сонымен қатар өндірісте, ұйымдық ғылыми-зерттеуде, оқу немесе басқару орталықтарда барлығы жетілдірілген, қамтамасыз етілген экономикалық шығын немесе шығыс түсінігі ретінде қолданылады. Өндірілген өнімнің ұзақтылығы және оны қолдануда экономикалық тиімділіктің әрқашан өсіп өніп отыруымен байланысты. Осыған байланысты инновациялар нарыққа сонымен қатар тұтынушыға бағытталады. Тәжірибе жүзінде инновация белгісі пайда болу жағынан бірнеше сатыға бөліне жүйеленеді.



Сурет-1. Инновациялық белгі қатарының жүйеленуі.

Инновациялық жүйелердің құрылуы табылатындар:

1. Өндіріс өнімінің бәсеке қабілеттілігін күшейту;
2. Компания өте ұзақ уақытқа тұрақты дамып, өсуі үшін қажетті ақпараттық қорды құру қажет;
3. Кәсіпорындарды экономикалық тұрғыдан қауіпсіздікпен қамтамасыз ету қажет;

Инновациялық жүйедегі компания мына қызметтерді атқаруы қажет:

Жаңалық іздеу, бағалау, іріктеу немесе жіктеу; инновациялық жоба енгізу; енгізілген инновациялық жобаларды, олардың түзетулерін қарастыра көрсетіп, бақылау, кәсіпорын қызметінің стратегиялық жоспарын құру; инновациялық пікірлерді,

Инновациялық жүйелерді құру үшін қажетті қаржылық және ақпараттық жақтан қамтамасыз етуді ескерту қажет. Мәселен компаниялардың деңгейіндегі мөлшер мен кірістен құралған заттың шығынына сәйкес келетін қор құрылуы мүмкін. Ұсынылып отырған пікір, заманауи әдіс-тәсілдерді іздеп табуда және ақпарат беруші архиві арқылы инновациялық жүйенің айқындылығын қамтамасыз ету өте маңызды.

Инновациялық жүйе қызметін төменде көрсетілген жүйешіктерді іске қосу құрылымдарымен қамтамасыздандырылады:

1. Ақпараттық қамту. Барлық жауапты орындаушыларды ақпаратпен қамтамасыз етеді, сондай-ақ, басқару үдерісін автоматтандырады және ақпараттық арналарды инновациялық инфрақұрылымдық элементтермен қарым-қатынасы үшін жасап шығарады.

2. Қаржылық қамту. Кәсіпорынның қаржыландыру немесе меншіктік инновациялық қорды пайдалану ресурсында жоғары немесе төмен құлдырау болуы мүмкін.

3. Нормативтік-құқықтық қамту. Толық нормативтік құжаттандыру инновациялық жүйесінің бизнес-үдеріс түрлендіру мен регламенттеудің жиынтығы, сонымен қатар, жауапты орындаушылардың қызметтерін қамту, патент алуда жасырын коммерциялық құпиямен қамтамасыз етеді.

4. Кадрлармен қамтамасыз ету. Кәсіпорын және сыртқы ортадан қызметкерлер құрамын іздеу міндетіне, оны үйренуге және шығармашылық әлеуетінің жоғарылауы үшін көлденең ротацияға ие.

Көптеген компаниялар инновацияның қайнар көзі - адамдар. Көб жағдайда қатардағы қызметкердің бірі, өзіне оның қызметінде бір нәрсені болсын жақсы жағына қарай өзгерту туралы ой келеді. Көптеген осы түрдегі ой пікірлер сол бастапқы күйінше қалады.

Қажетті инновациялық жүйені құру үшін пікірлердің қайдан туындағанын нақты түсіндіру керек:

-Тікелей компания қызметкерлерінен туындаған;

-Тақырыптық әдебиеттер зерттелуінің нәтижесінде туындаған;

-Өзге компаниялардың ұжымдық бизнесін бақылау нәтижесінде туындаған;

-Кенес беруші жұмыс жасау нәтижесінде туындаған;

Тез пайда болған пікірлер мен бақылаулар бизнес тиімділіктерін нақты жоғарылату мақсатында жеткіліксіз. Нақты айтқанда инновацияның пайда болуы кезінде жасалған жағдай, ең бірінші, екі негізгі бағыттағы қызметкерлер құрамына қатысты болып келеді: Бастапқысы тақырыптық әдебиеттерді зерттегенде және басқа мекемелерде тәжірибе жинақтаған құрылымдық міндетке лайықтыларын осы лауазымға бекіту. Келесі түрі барлық қызметкерлерге материалдық жақтан жағдай жасау. Материалдық жағдай тек активті инновациялық қызметі үшін сыйақы түрде тағайындау түрінде құрылуы тиіс, сондықтан сыйақыны жылдық қорытынды кезінде немесе кірістерден түскен пайыздардан төлеген жөнсіз болып табылады. Өте тиімді жолы инновативтік қызметкер біліктілігіне үнемі конкурс өткізу және алған орнына қарай ынталандыру сыйлығын тағайындап отыру. Одан басқа да пирамидалық кесте негізіне сүйене отырып, ұйымның жетілуінде, компанияның дамуында көп пайда әкелген қызметкерлер жұмыс жасайтын бөлім бастығының да сыйақы алып

отыруын ұйымдастыру қажет. Инновациялық кәсіпкерліктің жақын болашақта дамуы алдын ала кадрларды дайындау, жоғары оқу орны және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ, қысқа мерзімдік курстар, семинарлар, осы орайда шет елде білім алу, дөңгелек үстелдер өткізу, қызмет үстіндегі менеджерлердің сапалық біліктілігін арттыру үшін мемлекет мұндай бағдарламаларды қаржыландырып отырады [2].

Білім және ғылым Министрлігі, индустрия және сауда Министрлігі бағдарламаны жүзеге асыру аясында шетелдік алдыңғы бизнес мектептер және алдыңғы жоғары оқу орындарымен біріге отырып «инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша басқарушылық кадрларды дайындау оқу бағдарламасы жасалды. Сонымен бірге, инновациялық кәсіпкерлер, инфрақұрылымдық ұйым қызметкерлері, өндірістік кәсіпорын менеджерлері теория және тәжірибе алмасу менеджменті инновациясы бойынша қысқа және орта-жедел бағдарламалар жүргізу мақсатында технопарк жанынан оқу орталықтары ашылады.

Инновациялық компанияның ілгерілеу жағдайлары:

-Нәтижелік – өндірістің жаңа түрінің пайда болуына байланысты өнім және оның қызметі, жаңа жасалған өндірісі, істеп шығарылған жаңа өнім өндірістің ескі түрінің алдыңғы сұранысын азайтып жойылып кетуіне әсерін тигізуі мүмкін.

-Нарықтық – ашылған жаңа ортаға өнімінің енгізілуі және оның нарық кеңістігінде кеңеюі.

-Үдерістік – жаңа технологияның қолданылуы, басқару құрылымы мен ұйымының өндірісін, өнімнің және қызметтің ресурстарын сақтау әдісі.

-Тұтынушылық – тұтынушының ағымдағы сұранысын қанағаттандыруға және болашақтағы жаңа құрылымына бағытталған түрлері ажыратылады: негізгі – жаңадан ойлап табылған зат түбегейлі іске асырылғанда; технологиялық ерекше жасалуымен және жаңа жоғары тиімді технологиялық үдеріске енгізілген жаңа технологиялық құрылғы – еңбектің өнімділігін, шығарылған өнімнің сапасын бірден көтеруге жол береді; модификациялық (түрленуші) - жетілдірілген, жаңғыртылған құрылым және жаңа нысанға (кішкене ғана жаңалықтар, өнертапқыштық ұсыныс) бағытталған.

Нақты ресми статистика бойынша инновация деп – жаңа түрдегі жетілдірілген өнімнің іске асырылуын, нарыққа енгізілген, жаңа немесе жетілдірілген техникалық үдеріс немесе өндірістік қызметтің түрін тәжірибеден өткізілген қызмет болып табылатын инновациялық қызметтің соңғы қорытындысын айтады. Инновацияның қалай қолданылуы үдерістің өзіндік түрлеріне байланысты. Инновациялық болып, инновацияның авторы – ұйымның жұмыскері немесе сыртқы уәкілі (сыртқы меншіктер, банктер, республикалық және жергілікті биліктің өкілі, ғылыми-зертханалық ұйымдар және де басқа кәсіпорындар) кім болуына қарамастан өнімдік және үдерістік инновацияны енгізген кәсіпорын болып келеді. Инновациялық қызмет деп – инновациялық ғылыми және жоғары көлемдегі өндірістің интеллектуалдық даму мақсатындағы тұтынушының сұранысын қанағаттандыратын бәсекеге қабілетті тауар және қызметтің жаңа өнімін алу тәжірибесінде пайдалады.

Инновациялық қызметтер жиынтығы жаңалықтардың жылдам әрі қарқында жасалуы, сонымен қатар олардың экономикадағы тірегі мен кең құрылымдық жылжу мүмкіндігі, нарықтағы мөлшерінің ұлғаюы және қажеттілік пен талаптың күшеюімен түсіндіріледі [3].

Инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін компания қаншалықты маңызды? Деген сауалға, нарықтағы біртүрдегі тауарлармен салыстырмалы түрде қарасақ, мұндай тауарлардың өндірістік өзіндік құны әр фирмаларда бірдей. Материалдық және жиынтықтық, көліктік шығындардың бағасы бәріне бірдей

деңгейде. Көлемі жағынан айлық ақысы анықталған бір деңгейде жетілдірілген қандай да бір техникалық инновация жасалмайды – бүткіл мекемелер ұқсас техникаларды ұстап отыр. Бәсекеге қабілеттілікті жақсартудың және қосымша кірісті табудың бір жолы – ұжымдық бизнестің тиімділігін жоғарлату. Оған былай жетуге болады:

1. Ұжымдық құрылымды өзгерту қажет;
2. Бизнес-үдерісін ауыстыру қажет;
3. Бірлескен мәдениетті құру және қолдау қажет;
4. Шығындарды азайту (қаржылық оңтайландыру, жарамсыздықты азайту, еңбек өндірісін арттыру) қажет;

Сонымен қатар нақтылай айтатын болсақ компанияның инновациялық қызметінде ғылыми, ғылыми-техникалық және интеллектуалдық жаңа немесе жақсы өнім алу мақсатында, оларды өндірудегі қажеттілікті, индивидуалдық сұранысты және жаңалыққа қоғамның сұранысын жаңа тәсілмен қанағаттандыру мақсатында құрылымдық қызметкерлер жасайтын жүйесі бар. Техникалық жаңартулардың нұсқаларын орынды таңдау нақты жағдайға, жаңалықтың ерекшелігіне, бағытқа сәйкестілігіне, ресурстық-ғылыми-техникалық кәсіпорын дамуына, нарық талабына, техника және технологияның ерекше қажеттілігі мен өмірлік циклмен байланысында.

Инновациялық қызметтері компаниялардың әр түрлі элементтердің инновациялық қызметі және деңгейінен, инновация қызметіндегі топтардан сонымен бірге әрбір жұмысшыдан құралады. «жұмысшы» анықтамасы қазіргі таңда шаруашылықты жүргізуші, ал, біздер инновациялық қызметтерді жетілдіріп, инновациялық құрылымдық қызметін жүзеге асырудағы жеке тұлға деп түсінеміз. Инновациялық белсенділік туралы төмендегідей айтуға болады болады: қызметкердің кеңестегінің ынтасы, жиналыстағы шығармашылық ынтасы, жұмыс кезіндегі белсенділігі ынтасы; өнертапқыштық ұсыныстардың саны, инновациялық пікірлер ынтасы, шығармашылық ынтасы және т.б. Жаңа жаңалықтың негізін салушының бірі болып басқарудың дамуы сонымен қатар қазіргі жетістіктер негізіндегі технологиялар. Жаңалықтардың үдерісін мекеменің стратегиясынан және бәсекелестік күресінен ажырата алмаймыз деп айтуға болады.

Көптеген ірі компанияларда арнайы инновациялық стратегиялар жалпы корпоративтік негізінде жетілдірілген. Инновация қызметі дегеніміз – қызметінің бір түрі, сондай-ақ, оған мақсат, міндет, стратегия да кіреді. Инновациялық менеджер ғылымның және техниканың даму тенденциясын қадағалап, саралап сондай-ақ ақпараттық алмасулар мен көлік технологиясын қадағалап отыру қажет.

Инновациялық стратегия ұстанымы болып жалпы корпоративтік және жұмыстық стратегияға бағытталған. Сондай-ақ инновациялық стратегияның нысанында үш негізгі ақпараттық кіріс бар. Олар: қоршаған орта факторының болжамы және ішкі құрылымдық қызметкерлерді саралау сонымен қатар компанияның корпоративтік стратегиясы. Мәселен басқа салада жаңа техника пайда болса сондай-ақ ең алдымен өнімнің басқару үдерісіндегі жаңа технологияның өнеркәсіптік компанияда кең қолданылуы қаралады.

Сонымен қатар көптеген елдерде нарықтық экономиканың қалыптасуы мен даму тарихы және қызмет етуі бірқалыпсыздығын, өнім өндіру мен өткізу көлемінің ауытқуын, сондай-ақ өндірістің төмен құлдырауын ашып көрсетеді.

Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызмет технологиялық дамудың артта қалуына байланысты экономиканың барлық саласының көлемділік деңгейі теория мен тәжірибе дәрежесіне жеткен жоқ. Өнеркәсібі жақсы деңгейде

дамыған елдерде өнімнің инновациялық қызметін жүзеге асыруда сондай-ақ ұлттық кірістің өсуі 25% -дан жоғары болып келеді. Қазақстан дүниежүзілік қауымдастықтың теңқұқылы серіктесі болуы үшін, дүниежүзілік нарықта ғылыми өтімді өніммен бәсекеге қабілетті бола алатын макротехнологиялық ортасын анықтау қажет. Қазақстандық экономист-ғалымдар дағдарысқа қарсы басқаруды - кәсіпорындағы базистік, өзгермелі шамаларды сақтап қалуға бағытталған шараларды жоспарлау мен жүзеге асыру деп анықтайды. Сонымен бірге, Қазақстанда қалыптасқан кейбір көзқарастарға сәйкес, дағдарысқа қарсы басқару банкроттығының функциясы немесе міндетті қосымшасы болып табылады.

Еліміз үшін бұл орайда басым бағыттар мыналар; ғарыштық, энергетика-биотехнологиялық, арнайы химия сондай-ақ өзіндік ғылыми мектебі бар телеқатынастық, байланыстық орта. Бұл жағдайда отандық экономикада инвестицияны пайдалана отырып, ішкі нарықтық, салықтық басқа да мемлекеттік құралдарды реттеп, жаңа бәсекелестік өнім түрін өндіруді қамтамасыз етуге қабілетті негізде көп мөлшерде қайтара алатындай мақсатта даму бағдарламасын жасап шығару.

Әр түрлі қызмет саласымен байланысты факторлар кәсіпорынның құлдырауына өз әсерлерін тигізуі мүмкін, сонымен қатар әсер ету тізбесі өте күрделі және шытырман болуы мүмкін сондай-ақ экономикалық қатердің алғашқы себебін не болғанын нақты айтуға болмайды.

Сонымен қатар қазіргі таңда едәуір қимыл инновациялық үдерісте ұлттық деңгейде бірігу байланысын дамытуы мүмкін. Инновациялық жолдағы экономиканың дамуы мен өндірістегі қолдануға негіз болатын жаңа ғылыми-техникалық және жоғары ғылыми-техникалық құралдану кезеңінің мемлекеттік қолдауға ие болған механизмдердің бірі ТМД аясындағы мемлекетаралық инновациялық бағдарламалар болып келеді. Экономикалық аспектіде инновацияның дамуы әрқашан көптеген ғалымдардың бақылауында болады. Сондай-ақ кейбір инновациялық қызметтің дамуында зерттеулер жетіспейді себебі ұйымдық экономикалық механизмнің жаңа этаптағы трансформациялық дамуы ерекше сұрақтарды туындатады. Осылай болатын болса теориялық және әдістемелік негізі қаланған инновациялық қызметтің болашақта тағыда дамуы талап етіледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мухамедьяров А.М. Инновационный менеджмент - М:Инфра-2006 г. 42-б.
2. Барышева А.В. Инновационный менеджмент - М: 2010 г. 55-б.
3. Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамыту стратегиясы 2005-2015 жылдар// Параграф ақпараттық құқықтық жүйесі. – 2014.
4. Райзберг Б.А., Лозовский Л.Ш., Стародубцева Е.Б. Современный экономический словарь / Б.А. Райзберг. – 5-е изд., перераб. и доп. – М.: ИНФРА-М, 2006. – 495 с. – (Библиотека словарей «ИНФРА-М»).
5. Кошкин В.И. «Управление развитием организации». Модуль 11 / В.И. Кошкин. – М.: ИНФРА-М, 2000. – 512 с.

Кыдырбаева Е.О., Октябрь А.

Оспекты инновационных услуг

Из этой статье процесс обеспечения готовности персонала к инновационной деятельности как основа. Общие принципы в целом, ориентированной на стратегию корпоративной инновационной стратегии. Широкий структурных нововведений в экономике и темпами продвижения

инновационных услуг и возможность их опора сделана очень быстро, на рынке объясняется требованием возростании.

Ключевые слова: *Инновация, компания, инновационное система, концепция управления, менеджмент, мировой опыт.*

E.O. Kudyrbayeva, A. October
Aspects of innovative services

From this article the process of ensuring readiness of the personnel to innovation as the basis. General principles in General, focused on strategy, corporate innovation strategy. Wide structural innovations in the economy and the pace of promoting innovative services and their support made very quickly

Key words: *Innovation, company, innovative system, management, world experience.*

ӘОЖ 330

ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ БАСҚАРУ — КӘСПОРЫННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУПСІЗДІГІН КАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НЕГІЗІ

Нургисаев С.У., Мырзахметова Ж.Н.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
jan.i.ya@list.ru*

Бұл мақаладан нарық қатынастарының қазіргі кезеңінде отандық фирмалардың көріп отырған қаржы тапшылықтарына қарамай-ақ, нарықтағы орындарын бекітуге, өз бизнесіне тұрақты нысан беруге деген талпынысын байқаймыз. Бұл ишеленіскен бәсеке жағдайында өміршеңдікке ұмтылуды қажет ететін уақыт талабы.

Кілттік сөздер: *дағдарыс, нарық, басқару концепциясы, менеджмент, әлемдік тәжірибе.*

Дағдарыстық жағдайлар көптеген себептердің әсерінен пайда болады. Олардың ішінде, табиғат апаттарын, экологиялық, қаржы, азаматтық немесе құқықтық дағдарыстар атап айтылып жүр. "Дағдарыс" ұғымы қандай да болмасын құбылыстың деградацияға ұшырап өмір сүруі мен қызмет етуі мүмкін емес болатын ерекше күйін сипаттайды. Әрине, дағдарыстың келтіріліп отырған түсіндірмесі тым жалпы бірақ шынайы өмірде кез келген құбылыс белгілі бір кезеңде өзінің қайта құрылуы мен қирауы, жоғалуына бастайтын дағдарыстық сатыға өтеді. Соңдықтан дағдарыстан шығу жолы құбылыстың сапалы жаңаруында жатыр. Бұл тізімді ары қарай жалғастыруға болады, бірақ шет елдердегі, айрықша, біздің елдегі дағдарыстардың басты себебі-қанағаттанарлықсыз менеджмент. Қазіргі қазақстандық жағдайлар мамандарға дағдарыстардың түрлерін тәжірибеде зерттеуге мүмкіндік туғызады. Әр дағдарыстың өзіндік ерекшелігі бар болғандықтан, олармен күресудің бірдей жолы жоқ. Дегенмен, әлемдік тәжірибеде дағдарыстарға дайын болу жағдайында қолданылатын іс-шаралардың қалыптасқан жүйесі бар. Ол жоспарлау құралдарының көмегімен жүзеге асады.

Соңымен нақты айта кететін болсақ, "дағдарыс" ұғымы құбылыстың ішкі ерекшеліктерін бейнелейді: оның табиғи қызмет етуге және эволюцияға қабілетсіздігі, онда өзінің сапаларын, қасиеттерін сақтау мен өсіруге және өзінің негізгі мәнді сипаттамаларын сақтай отырып дамудың мейлінше жоғары сатысына

көтерілу мүмкіндіктерінің болмауы. Болуы мүмкін дағдарыстық құбылыстарды жоспарлау- сын сәтінде жасалатын қадамдардың механикалық бір ізділігін алдын ала анықтау және ұйымға тез әрі тиімді әрекет жасау үрдісін қамтиды.

Шарықтаған бәсекелестік жағдайында, нарықта өз орнын табу үшін уақыт талабы отандық экономикалық қызметте келесідей шешімдерде дұрыс жауап іздеуді талап етеді:

- шаруашылық механизмдерінің қызмет етуінің өзгеруі;
- басқару шешімдерін қабылдау шарттарының өзгеруі;
- жаңа жағдайлардағы кәсіпорынның стратегиясын жасау және жүзеге асыру;
- басқарудың жаңа мүмкіндіктерін белсенді пайдалану;
- шаруашылық жүргізуде барлық заңды әдістерді пайдалану.

Осы жағдайда дағдарысқа қарсы басқарудың концепциясын анықтап алу маңызды болып табылады. Осы мәселе бойынша зерттеулері бар көптеген авторлардың пікірі бойынша, дағдарысқа қарсы шараларды нарықта қызмет етуші кәсіпорынның қаржылық нәтижелері өте нашар болған жағдайда ғана пайдалану қажет. Бұл – теріс көзқарас, себебі басты мақсат дағдарыстың алдын-алу болғандықтан, біздің ойымызша, дағдарысқа қарсы басқаруда ең бастысы - қаржылық қиындықтар тұрақты, күнделікті сипат алмайтын жағдайларды қамтамасыз ету [1,105].

Экономикалық әдебиеттерде дағдарысқа қарсы басқарудың көптеген анықтамалары бар. Кейбір авторлар дағдарысқа қарсы басқарудың «нақты бір борышқор кәсіпорында қолданатын дағдарысқа қарсы нысандар мен әдістердің жиынтығы» деп түсінеді. Дағдарысқа қарсы басқару микроэкономикалық категория болып табылады және кәсіпорынның жойылуы мен қайта жандануы кезіндегі өндірістік қатынастарды қамтиды.

Ресейлік экономист- ғалым Э.А.Уткин дағдарысқа қарсы басқару дегенде, ресейлік кәсіпорынның нарықтық қызметінде мүмкін қиыншылықтардың болмауына, оның өз жеке қаржыларына негізделген, кеңейтілген, ұдайы өндіріске, тұрақтылыққа бағытталған басқаруды түсінеді. Профессор Э.М.Коротков былай жазады: «дағдарысқа қарсы басқару -дағдарысты алдын-ала көре білуге көзделген басқару, оның белгілерін, залалдарын азайту шаралары талдап, оны ары қарай дамуға пайдалану».

Келесі авторлар тобы дағдарысқа қарсы менеджментті қазіргі менеджменттің барлық әлеуетін пайдаланып, бизнестегі қолайсыз жағдайларды жою немесе алдын-алуға бағытталған кешенді, жүйелі басқару деп қарастырады. Олардың пікірінше, кәсіпорында арнайы бағдарлама жасалып, жүзеге асырылуы қажет, бағдарлама уақытша қиындықтарды жойып, өзіндік ресурстарды пайдалана отырып, нарықтық позицияны сақтауы қажет [2,65].

Батыс Еуропалық экономистер дағдарысқа қарсы басқару деп, «негізгі мәселе нарықта өз орнын сақтап қалу болатын, кәсіпорын қызметіне қауіп төндіретін жағдайдан өтуге қажетті қызметті» айтады. Бұл қызмет келесі түрде сипатталады: «кәсіпорынға қауіп төндіретін жағдайдан өту үшін қажетті әдістер мен тәсілдерді интенсивті қолдануды арттыру». Бірақ та, Хаберландтың ойынша, барлық назар жедел, қысқа мерзімді мәселелерге, қатал және тез шешуші шаралармен байланысты мәселелерге ауады. Дағдарыстың еркін және оңтайлы жақтарын атап өткісі келетін авторлар, дағдарысқа қарсы басқаруды керісінше, «жақындап келе жатқан қиын кезеңді алдын-ала біліп, даму бағытын өзгертуге мүмкіндік береді деп анықтайды».

Қазақстандық экономист-ғалымдар дағдарысқа қарсы басқаруды - кәсіпорындағы базистік, өзгермелі шамаларды сақтап қалуға бағытталған шараларды жоспарлау мен жүзеге асыру деп анықтайды. Сонымен бірген, Қазақстанда

қалыптасқан кейбір көзқарастарға сәйкес, дағдарысқа қарсы басқару банкроттығының функциясы немесе міндетті қосымшасы болып табылады.

Сонымен қатар көптеген елдердегі нарықтық экономиканың қалыптасуы мен даму тарихы, оның қызмет ету үрдісінің бірқалыпсыздығын, өнім өндіру мен өткізу көлемінің ауытқуын, өндірістің төмен құлдырауларын ашып көрсетеді. Бұл — дағдарыстық жай деп қарастырылып, жалпы заңдылық болып табылады. Осы айтылған заңдылық кәсіпорынның өміршеңдік циклімен тығыз байланысты. Отандық және шетелдік экономист-ғалымдардың зерттеулерін қорытындылай келе, біз «кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету» түсінігіне дағдарысқа қарсы тұрғысынан тоқталуды ұйғардық [3,93].

Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызмет технологиялық дамудың артта қалуына байланысты экономиканың барлық саласының көлемділік деңгейі теория мен тәжірибе дәрежесіне жеткен жоқ. Өнеркәсібі дамыған елдерде өнімнің инновациялық қызметін жүзеге асыруда сондай-ақ ұлттық кірістің өсуі 25% -дан жоғары болып келеді.

Қазақстан Республикасы дүниежүзілік қауымдастықтың теңқұқылы серіктесі болуы үшін, сондай-ақ нарықта ғылыми өтімді өніммен бәсекеге қабілетті бола алатын макротехнологиялық ортасын анықтау қажет. Сонымен қатар Қазақстандық экономист-ғалымдар дағдарысқа қарсы басқаруды -кәсіпорындағы базистік, өзгермелі шамаларды сақтап қалуға бағытталған шараларды жоспарлау мен жүзеге асыру деп анықтайды.

Сонымен бірген, елімізде қалыптасқан кейбір көзқарастарға сәйкес, дағдарысқа қарсы басқару банкроттығының функциясы немесе міндетті қосымшасы болып табылады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, «Кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету-кәсіпорынның күнделікті өмірінде қолданылып, стратегиялық сипат алатын, менеджменттің бар мүмкін болатын әлеуетін кешенді, жүйелік негізде қолданып, уақытша қиыншылықтарды жеңетін және нарықтағы өз орындарын бекітіп, ары қарай дамытуға арналған дағдарысқа қарсы басқару іс-шараларының жиынтығы».

Осы тұрғыдан алға отыра, дағдарысқа қарсы басқару экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралы ретінде, дағдарыс жағдайында ғана емес, кәсіпорын қызметінің даму жағдайында да қолданылатын шаралар ретінде көрінеді.

Дағдарыстарды қабылдаудың екі концепциясы бар:

1) Дағдарысқа деген — қолда барды сақтап қалуға бағытталған. Мұнда дағдарыс қауіп және тосқауыл деп қабылданып, қатысушы тұлғалар немесе ұжым үшін тәуелсіздігін жоғалтып алу қаупі болады. Осының нәтижесінде, жауапты тұлғалар дағдарысты теріс қабылдап, дағдарысқа дейінгі қалыпқа жету шараларын жүзеге асырады.

2) Дағдарысқа деген – жаңашылдыққа бағытталған. Бұл жағдайда дағдарыс кәсіпорынның эволюциялық даму үрдісіндегі жаңартуға деген қажеттілік деп қарастырады. Мұнда дағдарыс, белгілі бір иррационалдық немесе дұрыс емес жасалған мақсаттар, ережелерден тазартудың әдісі болып табылады. Осының нәтижесінде, дағдарысты туғызған, бұрынғы жағдайды өзгертуге әкелген талаптар ұтымды шешіммен қарастырылады. Мұнда негізге дағдарыспен күрес емес, өзіндік құрылымды жаңа қатынастарға сәйкес өзгерту алынады [4].

Экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде кәсіпорынның төмендегі белгілермен сипатталады: экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі мақсаты кез келген экономикалық, саяси және әлеуметтік құбылуларда нарықта тұрақты бекіну және компанияның тұрақты қаржыларын қамтамасыз ету.

Сәйкесінше ол әрі жоспарлы және жан-жақты міндеттерді шеше алуы керек; оның шеңберінде кәсіпорынның (тек уақытша қаржы қиындықтарын ғана емес) ағымдағы міндеттерін шешуге, ерекше жағдайларға сай келетін басқару құралдары

қолданылады; экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мәні -жағдайларға байланысты әр түрлі іс-әрекеттерді ескеретін, сыртқы ортада болған шамалы өзгерістерге жедел немесе пәрменді әсер ету үшін, алдын-ала дайындалған басқару шешімдерінің балама нұсқалары; экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізінде — кәсіпорынның іс-әрекетінің барлық салалары мен бөлімшелерінде үнемі және тізбектей жаңашылдықтар енгізу үрдісі; экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, кәсіпорын қандай қиын шаруашылық жағдайға тап болмасын, бұл қиындықтардан кәсіпорынды ең аз шығындармен шығара алатын , қаржылық және басқару механизмдерін іске қосуға негізделеді [5].

Кәсіпорындардағы дағдарыстарға қарсы басқару механизмін келесі негізгі элементтерден құрауға болады:

- қаржы жағдайындағы диагностика;
- кәсіпорын бизнесін бағалау;
- маркетинг;
- ұйымдастырушылық;
- персоналдарды басқару;
- қаржылық менеджмент;
- инвестициялық саясат;
- бизнесреинжиниринг үрдісі;

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде кәсіпорындағы оның құрылған мезетінен басталады. Сондай – ақ дәл осы мезетте кәсіпкерлік қызметті жүргізуші, таңдалған миссиялы фирманың қызмет ету үрдісі барысында, мүмкін болатын потенциалды мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерді анықтайтын факторларды тереңінен зерттеу және болашақ фирманың бағытын, яғни қызмет саласын бір жағынан, өзінің жеке мүдделері мен мақсаттарына, екіншіден, оның объективті пайда болатын үлкен қауіптерді кейін қайтарудың потенциалды мүмкіндіктеріне сәйкес анықтау болып табылады [6,82].

Кәсіпорынның әр түрлі қызмет саласымен байланысты факторлар кәсіпорынның құлдырауына өз әсерлерін тигізуі мүмкін, сонымен қатар әсер ету тізбесі өте күрделі және шытырман болуы мүмкін, сондықтан экономикалық қатердің алғашқы себебін не болғанын нақты айтуға болмайды.

Саяси қатынастардың субъектілерінің жоғары әлеумет-саяси белсенділігін сондай-ақ осымен байланысты әлеуметтік практика ситуативтілігін және субъективтілігін мақсаттын ойластырылған саяси шешімдер мен акцияларды талап етеді.

Мекемені құру бастамасынан-ақ, фирманың экономикалық қорғау (қауіпсіздік) жүйесін құру туралы сөз қозғау қажет. Егер мекеменің сәтсіздігінің негізгі сипаты оның төлем қабілетсіздігі болса, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде негізгі рөл қаржылық менеджментке беріледі. Бұл экономикалық құралдың мүмкіндіктері үлкен, бірақ шексіз емес болып келеді, Қаржылық менеджменттің нәтижелері кәсіпорынның барлық нарықтық қызметінің нәтижесі, барлық ұжымның сапалы жұмыс жасауының нәтижесі болып табылады [7].

Осылайша, нақты айтып кететін болсақ кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету механизмін қалыптастыру мәселесі сондай-ақ тәжірибелік жағынан өте қиын және әдістемелік жағынан толықтыруды талап етеді. Ол, біздің экономикалық өндірістік нақты сектордың дамуын анықтайтын өзекті мәселе болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Коротков Э.М. Антикризисное управление: учебник / Под ред. Э.М. Короткова. – М.: ИНФРА-М, 2003. – 432 с. – (Серия «Высшее образование»).

2. Захаров В.Я. Антикризисное управление. Теория и практика: учебное пособие для студентов вузов, обучающихся по специальностям экономики и управления (060000) / В.Я. Захаров, А.О. Блинов, Д.В. Хавин. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2007. – 287 с.

3. Зубкова А.В. Теория антикризисного управления предприятием: учебное пособие / Саратовский государственный социально-экономический университет. – Саратов, 2010. – 176 с.

4. Круглова Н.Ю. Антикризисное управление: учеб. пособ. / Н.Ю. Круглова. – М.: КНОРУС, 2009. – 512 с.

5. Райзберг Б.А., Лозовский Л.Ш., Стародубцева Е.Б. Современный экономический словарь / Б.А. Райзберг. – 5-е изд., перераб. и доп. – М.: ИНФРА-М, 2006. – 495 с. – (Библиотека словарей «ИНФРА-М»).

6. Пак В.Н. Антикризисное управление предприятием: Курс лекций / В.Н. Пак. – Екатеринбург: Изд-во Урал. гос. экон. ун-та, 2006. – 266 с.

7. Кошкин В.И. Антикризисное управление: 17-модульная программа для менеджеров «Управление развитием организации». Модуль 11 / В.И. Кошкин. – М.: ИНФРА-М, 2000. – 512 с.

Нургисаев С.Н., Мырзахметова Ж.Н.

Кризисное управление - принципы экономической безопасности бизнес-предприятий

Из этой статьи мы увидим тенденцию рыночных компаний к стабилизации рынка и созданию стабильной бизнес-среды, независимо от финансового дефицита, с которым сталкиваются отечественные компании. Это трудоемкая потребность, к которой нужно стремиться в условиях интенсивной конкуренции.

Ключевые слова: кризис, рынок, концепция управления, менеджмент, мировой опыт.

S.U. Nurgisaev, Zh.N. Myrzahmetova

Crisis management - business enterprise's economic safety principles

From this article we will see the tendency of market companies to stabilize the market and create a stable business environment, regardless of the financial deficits that domestic companies currently face. This is a time-consuming need that needs to be strived for in the conditions of intense competition.

Key words: crisis, market, management concept, management, world experience.

ӘОЖ 330

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ – УАҚЫТТЫҢ ТАЛАБЫ

Сейдахметова А.А., Сейдахметов А.А.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
aiym.seidahmetova@mail.ru*

Мақалада Қазақстанның агроөндірісінің жағдайы мен агроөнеркәсіптік кешенін қамтамасыз етуші салаларының даму деңгейі қарастырылған.

Кілттік сөздер: агроөнеркәсіптік кешені, жер ресурстары, аграрлық ғылым, агрохимия, агробизнес.

В статье рассматриваются состояние агропроизводства и уровень развития отраслей агропромышленного комплекса Казахстана.

The article discusses the state of agricultural production and the level of development of branches of agroindustrial complex of Kazakhstan.

«Халқымызда «Ауыл-ат байлар алтын қазық» деген қанатты сөз бар. Расында, ауыл біздің қастерлі атақонысымыз, тіршілік тынысымыз, киелі алтын тамырымыз. Біз индустриялық-аграрлық елміз. Біздің ел экономикасының екі басым бағыты бар. Бұл индустриялық және аграрлық салалар. Ауыл шаруашылығы қашанда ел экономикасын алға сүйрейтін жетекші саланың бірі болған, солай болып қала береді де. Мен оған кәміл сенемін» деген еді Елбасымыз Н. Назарбаев. Тәуелсіздікпен бірге ауыл шаруашылығын дамытудың тың жолдары қолға алынып, шынайы қамқорлықты сезінген ауыл еңбеккерлері соны қарқынмен еңбектеніп, жетістіктерге қол жеткізіп келеді.

Қазақтың жаны - ауыл. Қазір шамамен 7,48 млн. адам немесе Қазақстан халқының 45 пайызы ауылдық жерлерде тұрады. Ауылда туып, туған жердің қадірін білетін әрбір азамат үшін өңірлердің жаңа заман ағымынан қалып қоймай, өркендеп дамуы аса маңызды мәселелердің бірі екені анық. Әлемдік деңгейде халықты азық-түлікпен қамту өзекті мәселеге айнала бастаған қазіргі кезеңде сапалы әрі экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге баса маңыз беріліп отыр. Жер байлығы мол елдің бірі ретінде Қазақстан да жаһандық өзгерістерге үстірт қарамайтыны белгілі. Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауларында агроөнеркәсіптік кешен (АӨК) саласын дамытудың маңыздылығы туралы мәселе көтеріп, Үкіметке нақты тапсырмалар беріп келеді. Атап айтқанда, 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында ауыл шаруашылығын ауқымды жаңғырту қажеттігін мәлімдеді. Елбасы біздің алдымызда әлемдік азық-түлік нарығының көшбасшысы болу және ауыл шаруашылығы өндірісін арттыру мақсаты тұрғанын атап өтті. Ол үшін егістік алаңын ұлғайту, жаңа технологиялар енгізу есебінен егістік түсімін елеулі көтеру, әлемдік деңгейдегі мал шаруашылығы жемшөп базасын құру үшін үлкен әлеуетке ие болу міндеттерін алға қойды. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз экологиялық баса назар аудара отырып, ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер құруға тиіспіз.

Нәтижесінде мен агроөнеркәсіптік кешеннің алдына - экологиялық таза өндіріс саласындағы жаһандық ойыншы болу міндетін қоямын», - деді. Елбасының айтуынша, жер өңдеу мәдениетін өзгерту және жаңа ғылыми, технологиялық, басқарушылық жетістіктерді ескере отырып, мал шаруашылығындағы дәстүрлерімізді жаңғырту қажет. Аса ірі экспорттық нарықты меңгеру үшін қай азық-түліктің жаппай өндірісін басты етіп қоюды айқындау керек. Алынған шаралардың нәтижесінде 2050 жылға қарай ел ІЖӨ-дегі ауылшаруашылық өнімінің үлесі 5 есе артуы тиіс. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін Мемлекет басшысы Үкіметке арнайы жаңа бағдарлама әзірлеу жөнінде тапсырма берді. Соның ішінде ең жаңа агротехнологияларды қолдануға бағытталған орта және ірі тауарлық ауылшаруашылық өндірістерін құру жөніндегі заңнамалық және экономикалық ынталандыру жүйесін тұжырымдау міндеттерін қамтуды жүктеді. Соған орай Үкімет өте қысқа мерзім ішінде Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасын әзірледі. Бұл құжат Үкіметтің 2013 жылғы 18 ақпандағы арнайы № 151 қаулысымен бекітілді.

Бағдарламаны әзірлеушілер кіріспе сөзінде аталған саланың кешеуілдеп дамып келе жатқанына тоқталған. Қазіргі уақытта әлемдік аграрлық экономика мен демографияның жаңа үрдістері қалыптасуда, өңірдегі ықпалдастыру процестері нақты дами бастады, жаһандық климаттық өзгерістер болуда. Қазақстан Кеден одағына кірді, таяу кезеңде Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруі жоспарлануда. Алайда, саладағы еңбек өндіргіштігінің төмен деңгейі, пайдаланылатын технологиялардың жетілдірілмегендігі, өндірістің ұсақ тауарлы болуы ауыл шаруашылығы өндірісін қарқынды негізде жүргізуге, материалдық, еңбек және басқа ресурстарды неғұрлым толық пайдалануды қамтамасыз етуге, экологиялық талаптарды сақтауға мүмкіндік бермейді. Осы факторлар отандық аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді, бұл ДСҰ мен КО жағдайларында шетелдік өнім импортының басым болуына, жергілікті өндірушілерді өткізу нарықтарынан ығыстыруға әкелуі мүмкін. Азық-түлік өнімдерін тұтынудың қарқынды өсуімен және тұтыну құрылымының неғұрлым сапалы өнімдер жағына қарай өзгеруімен ел халқының өсуі орын алуда. Елді азық-түлікпен қамтамасыз етудегі, халықты жұмыспен қамтуды арттырудағы және республиканы экономикалық дамытудағы ауыл шаруашылығының рөлін Мемлекет басшысы үнемі айтып келеді. Сыртқы және ішкі ортаның өзгерген жағдайларында саланы мемлекеттік реттеу мен жаңғыртудың жаңа тетіктерін қолдану қажеттілігіне байланысты елімізде АӨК-ті дамытудың жаңа салалық бағдарламасы әзірленіп отыр [1].

Бағдарлама екі кезеңде іске асырылатын болады. Бірінші кезең 2013 - 2015 жылдарды қамтиды. Осы жылдар ішінде АӨК-ті дамытудың берік іргетасын қалау қажет. Бірінші кезеңде 17 мәселені шешу міндеті айқындалған. Соның бірі - бағдарламада көзделген мақсаттарға қол жеткізу, міндеттер мен іс-шараларды шешу үшін заңнамалық базаны қалыптастыру. Нәтижесінде саланы одан әрі дамыту үшін барлық жағдай жасалады.

Ал 2016 - 2020 жылдарды қамтитын екінші кезеңде ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемін елеулі түрде өсіру, барлық негізгі тамақ өнімдері бойынша Қазақстанның импортқа тәуелділігін қысқарту, экспорттық әлеуетті іске асыру, бағдарламада қойылған мақсаттарға қол жеткізу қажет. Бағдарлама тиімді орындалған жағдайда күтілетін нәтижелерге келсек, мемлекеттік реттеудің тиімді шараларын пайдалану, АӨК бизнесін дамыту үшін қолайлы жүйелі жағдайлар жасау, қамтамасыз етуші инфрақұрылымды дамыту, секторға тартылатын орташа жылдық инвестицияларды екі есе арттыру, өнімділікті өсіру нәтижесінде бағдарламаның негізгі нысаналы индикаторларына қол жеткізіледі. АӨК субъектілерін субсидиялау есебінен 2020 жылға қарай ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемін 4,5 есе арттыру мақсаты көзделіп отыр. Бағдарламада көзделген іс-шараларды қаржыландыру мемлекетіміздің заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіту кезінде нақтыланатын болады. - Аталған саланы дамыту үшін қолданыстағы заңдарды да жетілдіріп отыру керек қой. Ауыл шаруашылығын дамыту ісіне, осы саланың тауар өндірушілерін қолдауға Парламент депутаттары да атсалысуда. Осы орайда, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жаңа заң жобасы әзірленді. Бұл заң жобасы агроөнеркәсіптік кешен саласындағы заңнаманы одан әрі жетілдіруге және «Агробизнес-2020» агроөнеркәсіп кешен саласын дамыту бағдарламасы шеңберінде ауылшаруашылық тауар өндірушілерін мемлекеттік қолдаудың жекелеген бағыттарын жүзеге асыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда өз өңірімізде, тәулігіне 1,5 тонна сүт өндіретін сүт-тауарлы фермасы ашылды.

Нысан иесі Сәбит Ахметовтің айтуынша, 2015 жылы 90 бас ірі қара әкелсе, биылғы жылы тағы 120 бас сатып алған. Енді мал басын 1 500-ге жеткізуді жоспарлап отыр. Ірі қараның барлығы да симментал тұқымы. Кәсіпкердің сөзіне сүйенсек, бүгінгі күні швейцариялық сиырлар тәулігіне 1,5 тоннаға дейін сүт береді. Жоспарда оны 8 тоннаға дейін жеткізу көзделген. Сауылған сүт түгелімен сүт өнімдерін шығаратын «Үштөбе Айдын» ЖШС-ға жіберіледі. Соның нәтижесінде сүт өндірісінің аудандағы көшбасшысы өнім түрін көбейтіп, сапасын арттыруға мүмкіндік алды. - Сүт кешенін ашу - ауданымыз үшін айтулы оқиға. Кешен малдың жоғары өнімділігімен, малды баптауға жасалған қолайлы жағдайымен, жаңа технологияны енгізуімен ерекшеленеді. Бүгінгі күні фермада 50 адам жұмыс істейді. Шаруашылық иесі кейін іргесін кеңейтіп, жұмысшылар санын 100-ге жеткізуді де жоспарлап отыр. Өткен жылы нысанның құрылысы басталғаннан бері біздің аудандық филиал заңдық тұрғыдағы мәселелерге қатысты жан-жақты көмек көрсетті, - деді Кәсіпкерлер палатасының Қаратал аудандық филиалының директоры Марат Құсайынов. Жалпы, жыл басынан бері Қарасай ауданында 750 басқа арналған жоғары өнімділікті сүт-тауарлы ферма және «Медеу Коммерц» ЖШС-ның прогрессивті технология негізінде қуаттылығы жылына 5 мың тонна болатын сүт өңдеу цехы іске қосылған.

Сонымен қатар, Алматы облысында 6 мың басқа арналған мал бордақылау алаңы іске қосылды Кербұлақ ауданында орналасқан Шадиев шаруа қожалығы «қазақтың ақ бас сиырын», «алатау» мен «ангус» тұқымын өсіруді қолға алды. Басты мақсат - Елбасының 100 нақты қадамында көрсетілген ет экспорты әлеуетін арттыру тапсырмасын орындау. Шаруашылық бірден жоспарланған қуатына шықты. 6 мың бас ірі қара байлауда тұр. Ал 400-ден астам «қара ангус» сиырын Австралиядан әкелді. Қыстың қамын жаз ойлаған қожалық мал азығын молынан дайындады. Шаруашылықтың іс бақарусышы Жандос Атағожаевтың айтуынша, 35 мың орам шөп, 10 мың тонна жүгері, 5 мың тонна арпа, 2 мың тонна бидай бастырылған. Демек биылғы қыстан қиналмай шығуға қор жеткілікті. Кәсіпорын Алматы қаласындағы ет комбинаттарына жылына 1200 тонна өнім өткізуді жоспарлап отыр. Шаруашылық етті экспортқа шығаруға да дайын. Ал, ауданда орналасқан ет өңдеу комбинаты малды барлық талапқа сай етіп сойып жөнелтуге мүмкіндік береді. Жалпы Алматы облысында ірілі-ұсақты 60 мал бордақылау алаңы бар. Жыл басынан бері 6 мың тоннадан астам сиыр еті өндірілді [2].

Туған өлкеміздің ежелден егіншілік пен мал шаруашылығын қатар дамыта отырып, табысқа кеңелгені бәрімізге мәлім. Сондықтанда болар, өңіріміздің негізгі кәсіп көзі аталмыш саланы өркендетуге тығыз байланысты. Жылма-жыл егін көлемін ұлғайтып, жер-анадан берекелі өнім жинай білген, төрт түлігін түлетіп, ыдысы ақтан арылмаған жергілікті жамағаттың ата кәсібімізді өркендетуге қосып жатқан үлесі мол.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. inform.kz/kz/auyl-sharuashylygyn-damytu-isine-osy-salanyn-tauarondirushilerin-koldauga-parlament-deputattary-da-atsalysuda_a2604941
2. ҚР Ұлттық Банкі, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ 01.01.2015 жылғы есебі.

Сейдахметова А.А., Сейдахметов А.А.

Развитие сельского хозяйства - требует времени

В статье рассматриваются состояние агропроизводства и уровень развития отраслей агропромышленного комплекса Казахстана.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, земельные ресурсы, аграрная наука, агрохимия, агробизнес.

A.A. Seidakhmetova, A.A. Seidahmetov

The development of agriculture - takes time

The article discusses the state of agricultural production and the level of development of branches of agroindustrial complex of Kazakhstan.

Key words: agroindustrial complex, land resources, agrarian science, agrochemistry, agribusiness.

ӘОЖ 338.36

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ АЙМАҚТЫҚ БАСҚАРУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Сырлыбаева М.Т.

*I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.,
s.makpal-84@mail.ru*

Бұл мақалада инновациялық экономиканы аймақтық басқарудың шетелдік тәжірибесі туралы мәселелер қарастырылады. Экономикалық дамыған елдердің тәжірибесі жаһандық экономикалық бәсекелестіктегі экономиканың тұрақты өсуі өндіріске жаңа технологиялар мен әзірлемелерді енгізудің жоғары деңгейімен негізделген.

Кілттік сөздер: инновация, инновациялық қызмет, жаһандану, технология, экономикалық өсім, инновациялық сала, инновациялық даму, инновациялық кеңістік.

Қазақстан экономикасының болашақта дамуы инновациялық экономиканың қалыптасуымен тікелей байланысты. Қазіргі кезде инновациялық экономика түсінігі танымал болуына қарамастан, қазіргі кезге дейін оның құрылымы көп зерттелген жоқ. Қазақстан соңғы жылдары экономикалық түрленге байланысты бірталай жетістіктерге жетті. Дегенмен экономиканың қарқынды дамуына инновациялық фактордың қатысы төмен екенін одан басқа БҰҰ-ның тізімінде еліміз жоғарғы орындарға, дәлірек айтқанда алғашқы жиырмаға еңбегендігі белгілі. Инновациялық әлеуеттің индексі бойынша Қазақстанның орналасқан орны межеден төмен. Осыған инновация жағдайы, университеттер мен бизнестің байланысы, ғылыми зерттеу институттарының сапасы, прогрессивті технологияларды өндіріске енгізу, ғалымдар мен инженерлердің озық, жаңа технологияларын өндірісте пайдалануы және потенттер жатады деп айтуымызға болады. Энергия тиімділігі деңгейі бойынша Қазақстан Республикасының экономикасы әлемде соңғы орындарды алып отыр, еліміздің өндеуші өнеркәсібінде дәстүрлі энергия және ресурс сыйымдылығы жоғары сала: металлургия мен химия өнеркәсібі алда тұр. Ресурстардың маңыздылығы мен шикізат секторының үлесін арттырудың жаһандық трендін ескере отырып, Қазақстан экономикасында өндеу өнеркәсібін дамыту үшін ресурс тиімділігін дамытуға бағытталған шаралар, «жасыл экономикаға» көшу және ресурстық салалардан экономикалық пайданы арттыру тиіс. Дегенмен Қазақстанда соңғы жылдары осы салада қалыптасып келген жағдайлар мен инновациялық экономиканы талаптар деңгейінде дамытуға мүмкіншіліктер жасауда. Соңғы 20 жыл ішінде негізінен қаржыландырудың сұранысты толық көлемде жаба алмауына қарамастан, ғылым деңгейі даму үстінде.

Экономика өсімінің ырғағы бойынша, халықтың жұмыспен қамтылу деңгейімен, азаматтардың нақты табыстарын деңгейімен және т.б. бойынша ұлттық экономиканың рөлін сипаттайтын макродеңгейдегі бәсекелестікке қабілеттілігінің көзқарасын ғылыми және тәжірибелік ынтасын көрсетеді. Мұнда дәстүрлі факторларға емес, жаңа технологияларға берілген инвестициялардың көлеміне, ғылымның және кәсіби білім берудің даму деңгейіне акцент қойылады [17]. Жаһандану үрдістерін ескере отырып, салалық ерекшелік қалыптастыру мен кластерлердің жаһандық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін құру маңыздылығы дамыған және дамушы елдерді салалық басымдықтарды таңдауға одан сайын итермелейді. Бұл жағдайда қолдаудың жалпы жүйелік шаралары бәсекелестікті ынталандыру, қаржылық ресурстарға қол жетімділікті арттыру, технологиялық даму мен инновациялық белсенділікті қолдау сияқты салаларда өнеркәсіпті жалпы қолдауға бағытталған. Индустриялық даму шеңберінде Қазақстан Республикасында басым секторларды дамыту мен барлық өнеркәсіп үшін қызмет жағдайларын жақсарту арасындағы теңгерімділікті қамтамасыз ету қажет.

Қазақстан Республикасының статистика агенттігіне сілтеме жасай отыра, өндірістік инновациялық белсенділіктің 2014 жылғы негізгі көрсеткіштері 2-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 2. Өндірістік инновациялық белсенділіктің 2014 жылғы негізгі көрсеткіштері

Өнімдік және үдерістік инновациясы бар кәсіпорындар саны, бірлік	1215
Өнімдік және үдерістік инновациялар бойынша инновация саласындағы белсенділік деңгейі	5,7 %
Инновацияның барлық түрлері бойынша инновациясы бар кәсіпорындар саны, бірлік	1622
Инновацияның барлық түрлері есепке алғандағы инновация саласындағы белсенділік деңгейі	7,6 %
Ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық бөлімшелердің саны	1 015

«Шетелдік инвесторлардың еліміздің шикізат қорын қолдануы үшін, жаңа технологиялы кәсіпорындар салуы тиіс» - делінген Елбасының 2050 стратегиясында, дәл осындай тәжірибені Қытай мемлекеті ойын ережесін жиі өзгерту арқылы, өте тиімді қолдануда. Халықаралық ғылыми-техникалық серіктестіктің әр ел үшін инновацияны дамытуда перспективасы мен маңыздылығы зор.

